

ҚОБЫЛАН ХАМЗИН

ЖЕТІ  
АТАМЫЗДЫ  
БІЛЕЙІК



Қ. Хамзин

**Жемі**  
**атамызды**  
**білейік**

*ШЕЖІРЕ*

2002 ЖЫЛ

**ХАМЗИН Қобылан**  
**Арғын атамыздан бергі ұрпақтар**  
**жалғасы (шежіре) 2002 ж.**

*Шал ақын ауданындағы "Көктерек" атты шағын ауыл облыс, республика көлеміне өнерлі, өнегелі азаматтарымен кеңінен танымал.*

*Туган ауылы туралы тарихи мағлұматтар автордың "Көктерек" және "Ақиқат" атты кітаптарында кеңінен жазылған.*

*Жарияланып отырған "Жеті атамызды білейік" деген еңбегінде сонау Орта жүз - Арғын бабамыздан бермен қарай, соңғы буынға дейін аттары аталған ұрпақ шежіресі танымалдық мәні бар үлкен еңбектің қорытындысы екені белгілі.*

*Кітап, тек қана "Көктерек" ауылының ұрпақтары үшін ғана емес, жалты оқырман қауымға пайдасы зор дүниелік.*

## СӨЗ БАСЫ

Қазақ халқының ерекше қасиеттерінің бірі жеті атасына дейінгі өткен бабаларын білу әр ер балаға міндет болса, оның арғы жағындағы ата-бабаларымыздың аттарын жалғастырған шежірелердің бізге сақталып жетуі. Адам атадан бері қарай, осы күнге дейінгі бүкіл ұрпақтарды тарататын шежірелер баршылық. Десек те, сол шежірелерді салыстыра оқығанда кейбір тұстары біріне-бірі ұқсамай кететіні болады. Себебі шежірелер бергі заманда білімділер мен ділмәрлөрдан жазылып алынған дүниеліктер ғой.

Қазақ ұлтының үш жүзге бөлінгеннен кейінгі шежіре тарихын талай білімділер зерттеп жазба түрінде бізге жеткізгендері баға жетпес еңбек деп білеміз.

Басқа ұлттарды байқасаң екінші үшінші аталарынан әрмен қарай жалғасатын тамырлары үзіледі, білмейді, оны білуді керек деп есептемейді.

Қазақтар бір-бірінен арғы аталарын сұрастыра, біле келе «қарын бөле» шығатыны қандай тамаша дәстүр. «Қарға тамырлы қазақ» — деген сөз менің түсінігімде мыңдаған қарға құсы бір-бірінен ажыраспай бірге ұшып, бірге қонақтап жүретіндеріне теңелген мәтел болған-ау, деп ойлаймын.

«Ер адамның үш жұрты бар» — дейді қазақ. Ол, біріншіден - бабаларынан біріне-бірі жалғасып келе жатқан әкесінің тұқымы, ерлер жалғасымен аталады. Екінші жұрты — нағашылары, туған шешесінің шыққан ауылы, нағашы жұрты деп аталады. Үшінші жұрты, қосылған қосағы - әйелінің шыққан елі, сол әулеттің ұрпақтары қайын жұрты деп аталады.

Бұл байыптаудың да терең мағынасы бар. Осы үш жұрттан өзіңнің туған әкең, туған шешең, әйелің ғана жақындарың туыстарың емес, олардың тұқымдары да тегіс туысқан, сол ұрпақтардың бәрі жақын деп түсінген жөн. Бұл қазақтың қанына сіңген, ата-бабаларымыз осует еткен, солай жалғасып келе жатқан дәстүр. Қандай тамаша үлгілі, өнегілі дәстүр десеңші.

Кешегі кеңес үкіметі кезінде көңіл қойылмай ұмытылып бара жатқан осы дәстүр Қазақстанымыздың егемендігі орнап өз ырқы өз қолына тигеннен бері ата-бабаларымызды, шежіремізді балаларға білгізу қайта жаңғырғаны, оны балаларға өз тарихымызбен бірге үйрете бастағанымыз қандай қуаныш. Әр бала ең аз болғанда өзінің жеті атасын білуі керек – деп үйрететін еді аталарымыз. Осы байыптамаларымыздың бәрі туыстыққа, жақындыққа, бауырлас болуға, бір-біріңмен сыйлас болуға, түп тамырларыңды ұмытпауға тәрбиелеп тұрғаны көрініп тұрған жоқ па. Сондықтан, жеті атамызды, арғы түп тамырларымызды білу керек-ақ. Мұндай білімділік - қыз балаларға да артық емес. Ата-бабаларының атын, өрбу тарихын білген ана, сол білімін балаларының да құлағына құя алады.

Осы жазылған шежіре жинағын дайындауға кірісердегі негізгі дерек қолымыздағы ақын атамыз Ахметжан Нұртазаұлының өлеңмен жазылған шежіре еңбегі болды. Әрине, өлеңмен жазылған дүниелікте қашанда барлық адамдардың аттары тегіс қамтыла бермейді, ол мүмкін де емес. Атамыздың еңбегі жоғалып кетпесе екен – деген ниетпен, кезінде осы өлең - шежіресін баспаға дайындап, бастырып, жеке

кітапша етіп шығарып, туысқандардың қолдарына тигізген болатынмын.

Сол уақыттан бері ауылдың шежіре тарихын кеңірек зерттеп, кәзіргі соңғы ұрпаққа дейін аттарын атап, толығырақ тұтас бір жинақ жасап бүкіл туыстарымыздың қолдарына жеткізсем деген ой болушы еді. Сол ойді іске асыру үшін соңғы жылдары еңбек атқарылды.

Мұндай жинақты жасап шығарудың өзіндік қиындығы бар. Алдымен ата-бабаларымыздың атын білетін жасы үлкен, көп жасаған ата-әжелер аз, жоқтың қасы, деуге болады. Ондай үлкендердің барларының өзі әр жерлерде, ара қашықтықтары алыс жерлерде тұратындары бар. Ондай аталарды әдейі іздеп бару керек. Айтатын әңгімелері бар үлкендеріміздің көбі, түрлі себептермен, ұрпақ жалғастықтарын, кісі аттарын ұмытып-та қалған. Сондықтан олардан алынған кейбір көңілге қона қоймайтын деректер салыстырмалы тексеруді керек етеді. Тағы бір қиындығы — соңғы туған жас ұрпақтың аттарын біліп атау оңай жұмыс емес екен. Сол ауыртпалықтардың бәрін мойынға алғаннан кейін атқару міндет болды.

Дайындалған осы шежіре — жинақтың кемдігі жоқ деп айта алмаймыз, болуы әбден мүмкін. Десек те, ата-бабаларымызды білуге тиетін көмегі болатынына сенім бар.

Жинақты дайындауға үлкен үлес қосқан, көп жасап көпті көрген, ойы зирек апатайымыз Салтанат Жақияқызы Есмағамбет келіні, 77 жаста, ағамыз Шора Мұқышұлы, 78 жаста, ойына тоқығаны көп нағашым Серікбай Мансұров, ауылымыздың соңғы үлкендері Қазі Жанахметұлы, Ғалиаскер Құсайынұлы,

жеңгеміз Тойжан Нұрқан келіні, үлкендерді тыңдап жүріп ойларына тоқығандары бар Зайра Бегжан келіні, Шәйкен Шаяхмет келіні, жасы тоқсанға жақындаған апамыз Жібек Жақияқызы, ініміз Әділбек Әйкенұлы, ағамыз Әнуәрбек Көшмағамбетұлы, /76 жаста/, тағы басқа көптеген үлкендеріміз өз үлестерін қосты. Жанымда бірге болып, ақыл-ойларын айтып отырған жолдасым, Көктерек ауылының төл тумасы Сақып Омарқызының еңбегін де ерекше атағаным дұрыс болар. Бір ауылдың тумалары болғандықтан, екеуіміз біріміздің білмегенімізді біріміз толықтырып бірге еңбек атқардық.

Жазылған шежіренің кейбір тұстарын, әсіресе Жанат атамыздың ұрпақтарының аттарын толықтыра түсуге, осы атаның үлкен ақсақалы, Мамлют ауданының орталық қаласында тұратын Нұрбай Шәкірұлының /88 жаста/ көмегі де пайдаланылды.

Сонымен, оқушы қауымға айтарымыз қолдарыңыздағы шежіренің кемдігі, қате кеткен жерлері болса түзеп, толықтырып, жеке қағазға жазып осы дүниеліктің авторының қолына жеткізсеңіздер, кейінде түзетулер мен толықтыруларды жасап осындай келесі басылымға кіргізуге болар еді.

Шежіре Ырсай–Орыс балаларының ұрпақтары үшін арналып дайындалды. Соның өзінде Атығай, Қарауыл, Керей, Уақ басқа да аталарымыздың ұрпақтары үшін танымалдық пайдасы бар екені анық.

Атқарған еңбегімізге ата-бабаларымыздың аруақтары риза болсын!

**Автор**

# АТАДАН ҚАЛҒАН ЖЕР

/Халық ақыны, естіп білгені, оқығаны мол атамыз  
Ахметжан Нұртазаұлының ауызынан естіген  
деректерге сүйеніп жазылды/

Есіл өзенін жағалай қоныстануға қазақтар 1720 жылдары келе бастаған. Оған дейін бұл жерлерде негізінен башқұрт, қалмақтар тұрған. Орыс халқы болмаған.

Сол кездерден бастап қалың қазақтың көшіп-қонып көбеюі мал жайылымдары үшін, жер-су жанжалдарын тудырған. Қақтығыстар өрбіп, өршіп, асқына келе, қазақтар мен қалмақ-башқұрттардың арасындағы ымырасыз соғысқа айналған. Ақыры қазақтар қалмақ-башқұрттарды ойсырата жеңіп, Есіл маңайынан біржола Оңтүстік-сібір жағына қуып шыққан.

Міне осы соғыстарда қол бастап, ерлік көрсетіп атақтары шыққан Құлеке, Тілеке, Азат, Тышқан, Жанатай т.с.с. батыр аталарымыздың аттары аңыз болып осы күнге дейін айтылып жүреді.

Ақыры Есіл өзенінің екі жағын қазақтар біржола иемденіп қоныстанып орналасқан.

Он жетінші ғасырдың орта кезінде бұл жерлерге ішкі Россиядан көшпенді орыс халқы келе бастаған. Орыс халқының қазақ арасында көбеюі он сегізінші ғасырдың басынан басталса, негізгі кәсібі жер шаруашылығы болған халық тұрғылықты селолар қоныстарын сала бастаған. Он сегізінші ғасырдың орта кезінде кәзіргі Шал ақын ауданының жерінде Марьевка, Коноваловка, Сергеевка сияқты



қалалар пайда болған. Есіл өзенінің бойында осындай тұрғылықты орыс мекендері көбейіп, шошқа малын ұстайтын халықтың малдары өзеннің суын ішіп, шомылып жүретінін күнделікті көріп жүрген қазақтар енді мұндай суды ішуден жиіркеніп, бұл жерден көшпесе болмайды деген де ойлар болған.

Қоныс теуіп, отырықшы болып қалған төрт мыңдай түндікті Атығай, Бәйімбет ауылдары көріп білмеген алыс жерге қоныс ауыстыруы қараңғылыққа аяқ аттағанмен бірдей еді. Алдында не жағдай болады? Міне, осы мәселелердің жан-жақты қиындығын талқыға салып бір шешімге келу үшін әр ауылдың зиялы, ақыл - ойлы азаматтары бас қосқан. Солардың ішінде Жаулыбай ауылынан Белгібай, Тышқан ауылынан Сыздық қажы, Бәйімбеттен Қажыкен, Тілептен Қошан, тағы сол сияқты әр елдің бетке ұстар басшылары жиналып ақылдасып, ақыры ешқайда қоныс аудармайтын болып түбегейлі шешімге келген екен.

Сонда көшпекші болған жерлері Жеделбайсынның кең даласы болса керек. «Жеделбайсын жерінің құнары Есіл өңірінің түгін тартсаң майы шығатын қара топырақты жайлауына қайдан жетсін. Ол жердің түйе жейтін сасыры мен есек тамақ ететін қатты құрайларын біздің мал тамақ ете алмайды. Малды да, жанды да қырып алармыз, көшу деген сөзді доғарайық. Өзіміз үшін де, келер ұрпағымыз үшін де өмірлік тұрағымыз осы Есіл төңірегі болсын» – деген бір шешімге келген екен.

Ахаңның айтуынша, Сыздық қажы атамыз бастаған бес-алты ел басшылары сол Жеделбайсынға барып, ол жақтың жерінің әлгіндей жағдайларын

көріп, жер құнарлылығын салыстырғанда біздің жерден айырмашылығы жермен көктей екендігіне көздері жетіп оралып, елге - «енді көшу деген әңгіме болмасын» – деп келген екен.

Сыздық қажының ақыл-ойлы, парасатты, алдын алыстан шолатын білгір кісі болғандығын дәлелдейтін осындай әңгімелер аз емес. Шын мәнінде, теңдесі жоқ қоныс, малға қолайлы таптырмайтын жайлау, қу шыбыққа жан бітіретін құнарлы топырақ, әсем табиғат, қойынына кірсең бойыңды жылытатын орман, тоғайлы, жерді ата қоныс етіп сақтап, қалдырғандарына екі ғасырдай уақыт өткенде, айтарымыз: «шіркін, ақыл-парасаттығыңнан айналайын аталарымыз-ай!» – деген алғысымызды қайталап айта берсек артық емес.



# АУЫЛЫМЫЗДЫҢ ТАРИХЫНАН

Он жетінші ғасырдың бас кезінде біздің ата – бабаларымыздың қонысы Көкшетау маңайы, кәзіргі «Азат» теміржол станциясының төңірегінде болған. Азат атамыз өзіміздің бес ата Орыс бабамыздың бір баласы, кейінгі ұрпаққа немересі Тышқан батыр атымен белгілі аталар.

Есіл өзенінің бойына біздің бабаларымыз 1730 жылдары көшіп келіп қоныстанған екен.

Мал ұстап, мал басын молайтып күн көрген қазақ, ертеден алдымен мал басын өсіріп сақтауға қолайлы жер іздеп, сол күнкөрістің ыңғайына қарай бейімделіп, көшіп-қонып жүретін халық болған ғой. Көшпелі халықтың баспанасы өздерімен бірге алып жүретін жиналмалы кигіз үй, жылы шатыр, тоқтаған жерде қолдан тез тұрғызылатын қостар болғаны белгілі.

Есіл бойын жағалай қоныстанғанда бес ата: Тышқан, Батырбек, Қозыбақ, Жаманғұл, Жанат ауылдары бөлек-бөлек біріне-бірі жақын орналасқан. Кейінде тұрақты ауыл болып орныққан кәзіргі «Көктерек» қалың ағаштың қойнауында, биік дөңесте жайғасқан, ойында тізілген біріне-бірі жалғасып жатқан қара сулары бар тамаша қоныс, аталарымыздың таңдап қонған – ата қонысы.

«Көктерек» – деп аталу себебін мен осы аттас кітабымда толық баяндап жаздым.

«Көктерек» – деп аталатын дәу ағаш, алқадағы «мың шұқыр» аталатын, сұлудың сырғасындай қара сулармен көмкерілген жарты аралдың көркін

келтіріп тұрған көш жерден көз тартатын зәулім биік терек.

Есілдің екі бетінде, оңтүстігінде «Көктерек» ауылы болса, солтүстік беткейінде түспа-түс Жаңажол ауылы.

Ең алғаш көшіп келіп қоныстағанда Есіл өзеніне таяу әлгі «мың шұқыр» –деп аталатын жартылай түбек алқа жерінен батысқа қарай шеткері Тышқан ауылы орналасқан. Бұл жердегі тоғай «Тышқан тоғайы» –деп аталады. Сол тұста Есіл өзенінің арғы «жағына атпен не жаяу өтетін тайыз кезең, өткел – «Тышқан өткелі». Тышқан тоғайынан шығысқа қарай жалғас, іргелес Батырбек өулеті қоныстанған. Әлгі айтылған биік теректің Есіл жақ беткейінде қыратты жағалауда ауыл болған. Осы тұстағы Есілден өтетін өткел – «Нарғожа өткелі» – аталады. Нарғожа Жаулыбайдың баласы Батырбек ауылының ақсақалы, елбасы, билік құрған атақты адам болған.

Батырбек ауылынан шығысқа қарай «Ақ төбе» аталатын қыратты жерде Жамангүл ауылы қоныстанған. Бұл қырат Есіл суы тасығанда үстіне тасқын суы көтерілмейтін кеңістік. «Ақ төбе» аталу себебі, қыраттың үсті тастақты, құмдас жер болғандығынан шөбі ақ селеу болып келеді де, ақ селеу піскен кезде алыстан аппақ үкідей жайқалып, теңіздей толқып тұратын бел. Осы қыратта, сол заманда жерленген ата-әжелеріміздің зираттары бар.

Жамангүл ауылынан әрірек, Мектеп ауылына қарай «Қара жар» аталатын алқада Қозыбақ ауылы қоныстанған. Қозыбақ ауылына таяу «Бүлтек» аталатын беткейде кең алқаны жайлаған Жанат ауылы орналасады екен.

Есіл өзенінің суы тасыған жылдары осы қоныстарға үлкен зиян келіп, тасқын суы малдарын, кейде жаңдарын да алып кететін апаттар болыпты. Сондықтан барлық ауылдар тасқын апаты жақындағанда қырға көшіп қоныстап жүрген.

«Көктеректің» тұрғылықты ауыл болып орнығуы, шаңырақ санының көбеюі 19-шы ғасырдың басында басталса, ауылда жаппай ағаш үйлердің салынуы 1910 жылдары атқарылған.

1941 жылы Отан қорғау соғысы басталғанда мен сегіз жастағы баламын. Бұл кезде Көктерек ауылы жеке ұжымшар /колхоз/, іргелі ауыл еді. Жүзге жақын үй саны болатын. Ауылдың ортасында ұжымшардың кеңсе үйі, одан әріректе ағаштан жасалған көрнекті дүкен. Қыстау ағаштың қойынына кіре орналасқан үлкен, еңсесі биік, төбесі қаңылтырмен жабылған ауыл мектебі тұратын. Одан берірек биік фундаментке орнатылған үлкен мәдениет үйі /клуб/ болды.

Мәдениет үйінде ауылдың жастары жиналып ән салып, өз күштерімен пьеса қойып, халықтың көңілін көтеретін. Кейінірек, клубта сақау кинолар көрсетіле бастады. Электр күші болмағандықтан киноның ленталарын қолмен айналдырып тұратын өзіміздің жігіттер болатын.

Орталықтың тамақтың астық қоры, тұқымдық бидайлары сақталатын қоймалар ауылдың шығыс жақ шетінде ағаштан жасалған ұзынша сарайлар тұратын.

Осы қоймалардың бастығы және күз айларында егістік бидай түсетін қырманның басқарушысы болып, біздің сол бала кезімізден бастап, бертін ауыл үлкен кеңшардың бөлімшесі болғанға

дейін Нұрғали Есмағамбетұлы істеді. Жаны жайсақ, жұмсақ мінезді, ақ көңілді абзал жан еді.

Астық қоймаларынан шығысқа қарай ауылдан бөлегірек қыратта алыстан айқын көрінетін ағаш құрылыс үлкен жел диірмен тұратын. Желді күндері алты қанатты құлақтары сықырлап айналып жұмыс атқарып тұратынын білеміз. Халықтың әкелген бидайынан үн үгіп беретін шебер диірменшілер болатын.

Солардың бірі, ауылымыздың тумасындай болып араласып кеткен Шалов Федор деген үлкен кісі еді. Қолынан келмейтін ісі жоқ шебер болды.

Шалов Анатоли ағамыздың, Николай ініміздің әкесі осы Шалов Федор ақсақал.

Ауылдың орта тұсында, қара суларға қарай, дөңде ұста үйі жұмыс атқаратын. Осы іс үйде ұжымшар /колхоз/ және жеке шаруаларға керекті темір дүниеліктердің бәрін жасап беретін, темірден түйме түйген шебер ұсталар - аталарымыз Қоспан Нұрпейісұлы, Нөкен Оспанұлы көп жылдар қысы-жазы еңбек еткендерін білеміз. Ол кезде шеберханаларда ешқандай станок деген болмайтын. Темірден жасалатын дүниеліктердің бәрі қолмен жасалатын. Неше түрлі гайкалар, болттар, шегелер, ат тағалары, арба-шаналарға керек әбзелдер, жалпы не керектің бәрі осы шеберлердің қолынан шығатын.

Қашан барсаң қара көрігі гуілдеп, қызыл шоқты үрлеп, көмірге тығылған сом темірлерді балқытып, одан керек дүниеліктерді, маңдайларынан тері тамшылап тұрып, қара төстің үстінде балғамен солқылдата соғып тұрған осы аталарымызды көретін едік. Атамыз Қосекеңнің

қасында көрігін басып, көмірді маздатып, балға, қысқаштарын әперіп, сусынын дайындап апатайымыз – Нұрбөпе жүретін.

Осындай ауыр жұмысқа төзіп, демалыс дегенді білмей, жыл бойы алатын жалақылық ақшасы жоқ, еңбек күн – деген қағаздағы жазба бірдеңеге істеп жүрді-ау, ата-әжелеріміз.

Ауылдың осы күнгі зираттарынан әрірек батысқа қарай, ағаштардың жылы ығында орталықтың малы болатын. Қара мал, жылқы, түйелер, бәрі бір жерде, бәрі қора, шашпа қоршауларда тұратын.

Ол кезде автомашина атымен жоқ, жазда, ат-арбамен, қыста шанамен жүретін заман ғой. Ауылдың көшелері, жолдар теп-тегіс қалпында, кәзіргідей жырылып-жыртылып қалған емес. Жазда көк кілемдей көк шөпті ауыл көшелерінде апаларымыз-әжелеріміз алаша тоқып, кигіз басып, ерлер арқан ширатып, қамшы, божы өріп отыратын еді. Әр үйдің жанында жер ошақтарда, пештерде ірімшік пісіріліп, құрт қайнатылып жататын. Шебер қолды ұсталардың есіктерінің алдында, аулаларда арба-шаналарға керек дүниеліктер ағаштан шабылып, иіліп дайындалып жатушы еді.

Балалар болса көше бойлап жүгіріп дамыл таппай ат-құлақ, тиек, асық ойнап, қозы, бұзауларын қарап қойып жүретін. Ол кездегі осындай ауыл көркін, тірлік тынысын айта берсе үлкен өңгімелер. Кәзіргі жас ұрпақ білуі үшін аз да болса сол тірліктің, сол өмірдің суреттерін айту артық емес шығар.

Осындай өмір көркін, тиыштық шырқын бұзып 1941 жылғы соғыс басталды, ауылдың ер

азаматтары, бірінен кейін бірі, тегіс соғысқа алынды.

Сол соғыста ауылымыздың 67 азаматы оққа ұшты, өлі денелері майдан шебінде қалды. Тірі елге келгендерінің өзі ауыр жарақаттармен оралды.

Бес жылдық соғыс халықтың, елдердің хал-жағдайларын әбден күйзелтіп кетті. Сол кездегі барлық ауыртпалықты жесір әйел, жетім бала, қаусаған үлкендер көтеретін.

Елдің осы ауыр хал-жағдайы, 1950 жылдардан кейінгі тың игеру науқаны басталғанға дейін, түзеле алмады. Тың игеру науқаны атқарылған жылдардан бастап, елдердің көркі түзеліп, халықтың тұрмыс жағдайы бір шама көтеріле бастады.

Бертін, шаруашылық жағдайы нығая келе ауылда жаңа үйлер салынды, мектеп, клуб, мойша құрылыстары іске қосылды, көшелердің сыны түзеліп, қатты жол салынды.

Соңғы кезде, жүйе-жүйе атқарылып жатқан жаңа өзгерістердің көңілге қонатындары да, өкінішті әттеген-айлары да жеткілікті. Оны халық көріп-біліп отыр. Бұл өмірде тарихта ізі қалатын бір белес қой.

Ауылымыздың ендігі тарихын жасайтын соңғы ұрпақ, ел тағдыры солардың қолдарында.

Өміріміздің өткен тарихын, өткен ата-әжелеріміздің аттарын сұрап білетін қариялар азайды. Өткен өмірден әңгіме шертіп отыратын қариялардан кезінде сұрастырып біліп алатын дүниеліктерді керек етіп жазып алмағанымызға кәзір өкінеміз, амал қанша.

Сондықтан кейінгі жастар, болашақ ұрпақтар үшін осы айтылған әңгімелердің пайдасы болары белгілі. Ел тарихын білген жөн.



## ОРТА ЖҮЗ –АРҒЫН

Бүкіл исі қазақ Үш жүзден құралатыны белгілі. Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз.

Қазақстан Республикасының Орталық, Солтүстік, Солтүстік - шығыс төңірегіндегі облыстарда тұратын қазақтар негізінен Орта жүзге жатады; Оңтүстік беткейдегі сонау Алтайдан Каспийге дейінгі облыстарда тұратын қазақтар, негізінен Ұлы жүз; батыс беткей, Каспий теңізі, Ресей шекарасына дейін, одан арғы Астрахань, Саратов, Орал облыстарының бергі аудандарында тұратын қазақтар Кіші жүзге жатады.

Орта жүз, Арғын бабамыздың Қотан, Ботан атты екі ұлы болған. Ботаннан ұрпақ жоқ екен.

Қотаннан 7 бала, жеті арыс Арғын әулеті тарайды. Олар:

1. Ақсопы - Қанжығалы атасы
2. Қарасопы - Қарауыл, Бәсентиін аталары.
3. Сарысопы - Атығай атасы
4. Арықсопы - ұрпақ жоқ
5. Нәдірсопы - ұрпақ жоқ
6. Мейрамсопы - Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қозған, Қақсал.
7. Тәнбісопы - Үсенбай, Елемес, бергі аталары Шақшақ батыр, Әз Жәнібек.

## АТЫҒАЙ

Енді жеті арыс Арғын ішіндегі өз атамыз Атығай туралы айтайын.

Сарысопыдан Атығай ұрпағы тарайды дедік.

Атығайдан Дәуіт, Дәуіттен Қалқас /кей шежірелерде Қалқаш деп аталған/.

Қалқас атамыздан Құдайберді, Бәйімбет өрбіген.

Қолда бар шежірелерде жалпы Атығай аталатын ұрпақ Дәуіт бабамыздың атымен белгілі, 12 ата Дәуіт деп аталады. Сол аталарымыздың атын атайық.

- |               |                         |
|---------------|-------------------------|
| 1. Құдайберді | 7. Ақкиік               |
| 2. Бәйімбет   | 8. Құлансу              |
| 3. Баба       | 9. Қойлы /Қойлы атығай/ |
| 4. Бабасан    | 10. Есентаңрық /Есен/   |
| 5. Бағыс      | 11. Майлы балта         |
| 6. Моңыс      | 12. Жауғаш              |

Осы Дәуіт бабамыздың ұрпақтары өзіміздің Солтүстік Қазақстан төңірегінде, іргелес Көкшетау аудандарында, негізінде Есіл өзенінің Оңтүстік – Шығыс беткейінде тұрады.

Олардың ішінде кәзіргі Шал ақын, Есіл, Тимирязев аудандарының төңіректерінде бір-бірімен іргелес қоныстасып, жаны аралас, малы қоралас болып кеткен ұрпақтар Құдайберді, Бәйімбеттер.

Құдайберді атамызда 6 бала болған:

- |             |              |
|-------------|--------------|
| 1. Құлымбет | 4. Андай     |
| 2. Жәмет    | 5. Есенгелді |
| 3. Ақмәліш  | 6. Ырсай     |

С В К Я

РАЙОННАЯ

БИБЛИОТЕКА

Бәйімбет бабамызда да 6 бала болған:

1. Уәнәс
2. Жоламан
3. Айбас

4. Тоқа
5. Төбет
6. Жетім

Енді Құдайберді бабамыздан бері қарай өз аталарымызды таратсақ, Құдайбердінің бір баласы Үрсай екені айтылды.



## ЫРСАЙ

Ырсай атамызда 6 бала болған:

- |          |               |
|----------|---------------|
| 1. Түмен | 4. Қара батыр |
| 2. Көлей | 5. Қалыбек    |
| 3. Бөрі  | 6. Сойырғас   |

Осы алтауының ішінде біздің атамыз Қара батыр. Қара батырдың баласы Орыс аталса, біздер сол атаның ұрпағымыз.

Бабамыздың аты Орыс деп қойылуы туралы айтсақ /қолда бар тұжырымдарға негізделген түсініктер/, қазақ ырымшыл халық екені белгілі. Сондықтан атамыздың атын Орыс деп қою себебі де сол ырымшылдықтан туындаған шешім.

Орыс ұлтындай көп болсын, Орыстай кең жайылған жері болсын, Орыстай білімді болсын деген ойлардан туындаған, ырымға негізделген. Қалаберді, қалың орыс қаптап қазақ жеріне кіре бастаған уақыттың заманы туғанда осы үлкен екі ұлттың халықтары бір-бірімен тату болсын деген де ырым болған болар.

Қазақта Өзбек, Қалпақ, Ноғай, Қырғыз, Қаратүрік тағы сол сияқты ұлт аттарымен аталған ұлдар болған ғой, кәзір де бар. Ендеше бабамыздың аты – Орыс-деп қойылуы таңданарлық оқиға емес. Ауыл арасында атамыздың Орыс атын Уәріс-деп бұзып атаулары қателік, дұрыс атын атаған жөн.

Үлкен кісілер қай тұқымсың балам дегенде, айтатын жауап: «Атығай, Құдайберді ішінде Ырсай, Қара батыр бабамыздың Орыс атты баласының ұрпағымыз» –деген жауапқа, «Е, рахмет балам» – деп риза боларына күмән жоқ.

Аталарымызды бері қарай жалғастырсақ,  
Орыс атамызда бес ұл болған:

- |             |            |
|-------------|------------|
| 1. Азат     | 4. Қозыбақ |
| 2. Жаманғұл | 5. Жанат   |
| 3. Батырбек |            |

Енді осы аталарымызды жеке-жеке таратып,  
бүгінгі ұрпаққа дейін атайық.

Ақсақалдар сұраса руыңды,  
Білмек үшін туысың, тұғырыңды,  
Ауыл аты, ауданың жеткіліксіз,  
Жеті ата-бабаларды білген құнды.

**Автор.**



# БЕС АТА - КӨКТЕРЕК

## ОРЫС АТАМЫЗДЫҢ БАЛАЛАРЫ :

1. Азат – Тышқан батыр
2. Жаманғұл
3. Батырбек
4. Қозыбақ
5. Жанат



# 1. АЗАТ – ТЫШҚАН

Азаттан Пәрменбек, одан Тышқан батыр. Орыстан туған бес баланың ең үлкені Азат атамыздың атымен атамай, елге, маңайға, Тышқан әулеті-деп аталып кеткен себебі Тышқанның батыр атағы кең танымал болғандықтан болар.

Енді, осы Тышқан атамызда бес бала болған: Әлімбай, Қойлыбай, Сандыбай, Жолдыбай, Пазылбек.

1. Әлімбайдан Жаңбыршы, Мәпірәш, Есқақ, Ғабдолла, Мақат, Қошқар.

Жаңбыршыдан Шәкір, Садуақас.

Шәкірден Әлім.

Садуақастан Дәурен, Мәлік, Мағзұм, Ибрагим. Мағзұмнан Жүсіп.

Мәпірәштан Салық, одан Әлімбек, Жоламан. Әлімбектен Әрсен, Әлтай.

Жоламаннан Алтай.

Есқақтан Қазықан, Амантай, Жақсылық.

Бұлардың ұрпақтарын біле алмадық.

Ғабдолладан Сағидолла, Қайролла.

Сағидолладан Сәбит, одан Руслан.

Қайролладан ұрпақ жоқ.

Мақаттан Мұқатай, Қабдолмәжит, Ахметжан.

Мұқатайдан Сатыбалды, Сәкен, Жәнібек,

Қазбек, Даниярбек.

Сатыбалдыдан Талап, Талғат, Назымбек.

Сәкеннен Азамат, Жомарт.

Қазбектен Қуаныш, Бауыржан

Қабдолмәжиттен Қайырбек, Қабыжан.

Ахметжаннан Қапай, Қышым.

Қышымнан Указ.  
Қошқардан Шәріп, одан Қабдөнәс.  
Қабдөнәстән Есім.

2. Қойлыбайдан Көшеғалы, Сыздық, Жүсіп,  
Жаңаберген, Қамет, Малдыбай.

Көшеғалыдан Шекен, одан Қайыр, Қоныс,  
Ыбырай.

Қоныстан Ермек, Сайран, Ерлан, Айдар,  
Қайдар, Еркін, Сабыржан.

Ермектен Бауыржан  
Сайраннан Мейрамбек

Ерланнан Самат.

Қайыр мен Ыбырайдан ұрпақ жоқ.

Сыздықтан Жұмағали, Молдағали, Қажығали,  
Мұқыш.

Жұмағалидан Сәруәр, Серік. Олардан ұрпақ  
жоқ.

Молдағали, Қажығали, Мұқыштардан ұрпақ  
жоқ.

Жүсіптен Бақы, одан Неғметжан, Сабыржан,  
Мұқаметқали. Неғметжаннан Әлімжан,  
Ғалымжан. Сабыржан, Мұқаметқалиден ұрпақ  
жоқ.

Жаңабергеннен Жаңғазы, Әбілғазы, Бегжан,  
Байғазы.

Бегжаннан Абылан, одан Нұрлан, Сәбит,  
Ғабит, Нұрбек.

Сәбиттен Айбек. Нұрбектен Әлібек.

Әбілғазыдан Байғонақ, Шұғайып, одан Аман,  
Жұман Жасұлан, Нұржан.

Аманнан Сағынай, Жұманнан Жангелді,  
Жасұлан, Нұржаннан Нұргелді.



Байғонақтан Әзім, Жиенші. Олардан ұрпақ жоқ.

Қамет, Малдыбайлардан ұрпақ жоқ.

3. Сандыбайдан Мұрат, Ақанбай, Құсайын, Шағыман.

Мұраттан Нұрман, одан Нөсербай, Қапен. Нөсербайдан Айтбай, Найман, Арғын, Бүркіт. Найманнан Досан, Арғыннан Айдос, Бүркіттен Қуаныш.

Қапеннен Ақжол, Серік.

Аққанбайдан Кәкім, Қасым.

Кәкімнен Тілеужан. Қасымнан ұрпақ жоқ.

Құсайыннан Текебас, одан Уәли, Бәри, Шалабай.

Шағыманнан ұрпақ жоқ.

4. Жолдыбайдан Италмас, Бексұлтан, Болат.

Италмастан Баяхмет, Жанахмет, Әлібай, Кәрібай.

Баяхметтен Хамид, одан Әділет, Жамбыл, Әлібек, Әсет.

Жанахметтен Қазі, Қариполла, Мереке, Қайыркеш.

Қазідан Қайранас, Қабдөнәс, Қайыргелді, Тоты, Қайрат.

Қайранастан Ерлан, Қабдөнәстан Дәурен, Дәулет, Данияр. Қайыргелдіден Дархан, Руслан.

Қариполладан Асқар одан Досжан, Арман одан Дидар, Досбол одан Жеңіс, Нұрболат.

Мерекеден Ербол, Қайыркеш. Одан Тілек. Бексұлтаннан Құлибек, Әлсейіт, Қабдәс,

Қапез. Қабдөстен Еркін. Баскасынан ұрпақ жок.

Болаттан Жұмабек, Қуаныш, Есімсейіт, Төлеген.

Есімсейіттен Жұмат, Самат.

Жұматтан Ербол; Саматтан Аққозы, Ақжан, Амангелді, Ерболат, Ақжаннан, Ермек, Азат; Амангелдіден Мұрат, Марат.

Төлегеннен Жеңіс, Жұмаш, Еркін.

Жұмабек, Қуаныштардан ұлдар жок.

5. Пазылбектен Берден, одан Оспан,

Есмағамбет, Ахмет, Омар, Әзім.

Оспаннан Бопан, Нөкен, Қожан, Махмет.

Бопаннан Кеңес. Кеңестен Қанат, Қайрат,

Талғат, Есен, Азамат. Қанаттан Азат;

Қайраттан Данияр; Талғаттан Дәурен; Есеннен Алдияр;

Азаматтан Алмаз.

Нөкеннен Әміржан, одан Сабыржан, Ернат.

Махметтен Бекежан, Жасұлан, Руслан,

Бауыржан.

Бекежаннан Қуандық, Мейрамбек; Жасұланнан Ғалымжан;

Русланнан Тимур; Бауыржаннан Шыңғысхан.

Қожаннан ұрпақ жок.

Есмағамбеттен Оразбай, Нұрғали, Көртай.

Оразбайдан ұл жок. Нұрғалидан Сырым,

Нұрым. Сырымнан Әмірсерік; Нұрымнан

Аслан.

Көртайдан Төлеген, Сансызбай, Сәкен.

Ахметтен Шәкірбай. Шәкірбайдан Еркін,

Дома, Жаксылық, Сағынбай.

Еркіннен Ерген, Руслан, Дәурен. Русланнан  
Сафуан; Дәуреннен Досжан.  
Домадан Дәулет.  
Жақсылықтан Абай.  
Сағынбайдан Дәурен.  
Омардан Қабдолқай, одан Әскер, Құдайберді,  
Бәйімбет.  
Әскерден Бейбіт, Бекет, Медет, Әсет.  
Бейбіттен Ерген; Бекеттен Бекболат, Жандос.  
Құдайберді, Бәйімбеттерде ұлдар жоқ.  
Әзімнен Жетпіс, Тоқсан, Дүйсенәлі.  
/осы шежіренің авторының нағашылары/  
Жетпістен Мансүр қари, одан Серікбай.  
Серікбайдан Ғалымжан, Қалиқан.  
Ғалымжаннан Әлімжан, Әділхан.  
Қалиқаннан Тамерлан.  
Тоқсаннан Қырықбай, Отызбай.  
Қырықбайдан ұрпақ жоқ.  
Отызбайдан Серік, одан Асан. Асаннан Руслан.  
Дүйсенәліден Садуақас, одан ұрпақ жоқ.



# АТАҚТЫЛАР

/Тышқан атамыздан тараған әулеттің атақтылары туралы деректер/

1. Тышқан батыр ел-жұртты ішкі-сыртқы жаулардан қорғап өткен кісі. Батыр атағына лайық атамыздың дене бітімі дәу, ірі болмаған. Керісінше орта бойлы, шымыр денелі, қараторы өңді, өткір көзді, көзінің отымен тесіле қарағанда тесіп жіберетіндей болған дейтін еді аталар. Көзінің жанары ойнап тұратынын байқайтын әкесі Пәрменбек – «осы бәлекеттің көзі бүркіттің көзіндей ойнап тұрады» – дейді екен. Батыр атамыздың соғысқа кіргенде киетін темір торлы сауыты, темір дуылғысы ауылда Есіл бойында отырған жылдары бір күшті тасқында суға кетті деген әңгімені үлкендерден естідік.

Тышқан батырдың ер жүректілігі, аңғалдығы, елге деген қамқорлығы, баласы Қойлыбайда да болған екен. Қойлыбайдың дене бітімі әкесінен ірі, сом екен. Дауысы катты айқайлағанда үйдің қабырғасын дірілдететін күшті толқынды болған. Салт атпен үйірлі жылқыны жиып, иіріп жүріп айқайлағанда, жылқылар құлақтарын жарған дауыстан бастарын шайқап жымдай болып жиналады екен дейтін еді үлкен аталарымыз.

Жаз айларында дала жұмыстарында, әсіресе, қол шалғымен шөп шабу, жиналған шөпті маялау кездерінде жарты денесі беліне дейін жалаңаш жүретін әдеті болған. Ашық денеге қаптап қонып шағып жатқан маса-соналарға көңіл бөлмейді екен. Жанында бірге жүрген жұмыскерлер жапырақпен

денесін қағып әлгі қансорғыштарды үркітсе, Қойлыбай атамыз - әй, қайтесіңдер соларды үркітіп, тойғасын өздері де кетеді, қанша сора береді дейсіңдер - деп саспайтын көрінеді.

Аталарымыз туралы осындай сөздерді кейінгі ұрпақтың білгендері дұрыс қой.

Қойлыбай атамыздың баласы Сыздық қажы туралы үлкен әңгіме жазып Солтүстік Қазақстан газетінде жариялаған болатынмын.

Ол әңгімені жеке жариялап, осы атамыз туралы Ахметжан Нұртазаұлының естелік есебінде қысқа-қысқа жазып бізге жеткізген дүниеліктерін ұрпаққа жеткізудің сәті келген сияқты.

2. Сыздық қажы Қойлыбайұлы ақын Ахметжан Нұртазаұлының бір жазуында –1918 жылы 61 жасында қайтыс болған - деп айтылған. Қажы Көктерек жеріндегі Мешіт деп аталатын ескі қоныстың орнындағы зиратта жерленген. Қажының бейітіне арнайы барып, басына орнатылған тасты көріп, жазуын оқып, аруағына арнап дұға бағыштаған едім. Тас әуел баста қойылған дүниелік емес, кейінгі кезде орнатылғаны сезіледі. Көп адамдардан сұрастырып, осы тасты Ахметжан Нұртазаұлы өзі басшы болып орнатқан деген сөздерді естідім. Енді осы таста қажы 1917 жылы қайтыс болды деп жазылыпты.

Сыздық қажы өзі басшы болып 1898 жылы бес ауыл Есіл бойын қоныстанған Орыс атамыздың ұрпақтарының атынан Тышқан ауылының тұсында, оңтүстік беткейдегі көрнекті қыратта, кейін Мешіт –деп аталып кеткен жерде, алланың иманды шаңырағы - мешіт үйін салдырған. Мешіт қарағай

ағаштан үлкен колемді, биік мұнаралы болып орнатылыпты.

Есіл бойындағы қазақ ауылдарындағы алғашқы мешітті Жылғараның бабасы Қошығұл бай 1761 жылдары салдырған екен - деген сөзді үлкен қариялардан естіген Ахаң, бізге осындай жазу қалдырған екен. Осы Қошығұл бай әр жылдары, әр ауылда тағы мешіттер орнатып, барлығы жеті мешіт үйлерін салдырған. Сол ағаштан жасалған мешіт үйлері кеңес үкіметі орнағанға дейін тұрғанын көрген ақсақалдар бертінгі кездерге дейін айтып отыратынын Ахаң естіген көрінеді.

Біздің жерде Сыздық қажы орнатқан мешітте медресе мектебі ашылып балалар оқыған. Сыздық қажының ақыл-ойымен 1903 жылдары осы мешітте Хадим оқуынан балаларды төте оқу – Жадит жүйесіне көшіргені белгілі. Терең ойлап, келешекті болжаған, көзі ашық, көкірегі зирек атамыз 1905 жылдары Ресей жерлерінде басталған революциялық қозғалыстарды аңғарып, келешекте балаларға керек оқуды бастап кетуі қандай көрегендік, білгірлік деп ойлаймын. Кейінгі 1917-1918 жылдардағы төңкерістердің дүмпуі қазақ жеріне де жеткенде, одан кейін кеңес үкіметі орнағанда, жаңа білім алған елдің сауатты азаматтарының бәрі үлкен-үлкен қызметтерге ие болып, «қырық папкелі Көктерек» атағы шығуының себебі осыдан басталған ғой.

Оқытушыларды Сыздық қажы татар елінен, көрші Ыбырай Алтынсариннің туған жері Қостанай жағынан, Орал төңірегінен өзі іздеп тауып әкеліп, өз қаражатымен жалдап ұстаған. Солардың бірі Ахмет Маметов деген кісі екен. Мүмкін Советтер Одағының батыры Мәншүк Мәметованың әкесі болар,

деп болжайды Ахаң атамыз. Осы ұстаз Ахметтің бір аяғы бүгілмейтін кемдігі болған екен. Көрші елдердің игі жақсылары мен ауқатты адамдарының арасында жүретін оқытушы Ахаң, бір мүжілісте байлардың ортасында аяғын молдасын құра алмайтын қалпымен созып отырғанда мырзалардың біреуі: Сыздық, мына кекірейгенің кім - деп кеткен көрінеді. Сонда Ахмет: Сіздердей байлардың басы кекірейгенде, біздей кедейлердің аяғының кекірейгенін көпсіндіңдер ме? – деген екен. Сонда, Әлгі томырық, мінезді, ашуға шапшаң бай:

-Мынауынды шығар үйден-деп зекігенде, Ахаң саспай:

-Мені бүгін үйден шығарсаң, ұзамай біздің күніміз туғанда, өз басыңның қайдан шығатынын білмей отырсың-ау деген екен.

Сол сөзден кейін сабырлық орнап, озара, - «Бұл көп оқыған білімді адам, бірдеменің хабарын біліп жүрген болар. Патша үкіметі құлайды деген лақап жалған-да емес шығар.

Олай болса, болашақта отымызға су құятын осылар ғой, бұлардан сақтанып жүрмесек болмайды» – деп байлар қорқып, ығысып сыйласа, басқалары молда, мұғалім есебінде сыйлаған, деген әңгімені Мансүр қари Жетпісұлынан естіген едім, деп айтушы еді Ахаң.

Сыздық қажы дінге жанымен берілген, діни оқуы мол, өте сауатты және дінді тек соқыр сенушілікпен ғана ұғынбай, адамгершілік санасымен қабылдаған кісі. Құдайберді – Бәйімбет ішінде Керей елінің Мұса деген азаматы, өз елінен сытылып келіп тұрып жатқан екен. Оның Мейрам деген ұлы, Дина атты қызы болыпты. Мұса қайтыс

болғанда елдің молдалары, «бұл шоқынған адам, жаназа шығарып, мұсылман зиратына қоюға болмайды» – деп қаталдық жасағанда, Сыздық қажы, «Мұсаның шоқынды екенін мен білмеймін. Оның көңілі, қолы, ісі, көп мұсылмандардан таза, қайырымды адам. Жаназасын сендер шығарма-саңдар мен өзім шығарамын» – деп, түбегейлі шешімін айтып, қазақ зиратына жерлеткен екен. Мұсаның қызы Дина Новопокровка /Тораңғұл/ қаласында бір орыс азаматымен тұрмыс құрып, сол жерде өмір кешіп, қайтыс болған. Мұсаның ұлы Мейрамды Сыздық қажы өз қамқорлығына алып, ер жеткізгенін Тышқан ауылының үлкендері Бопан, Салық, Мансұр қари – бәрі айтып отыратын еді дейді Ахаң.

Сыздық қажының осындай ерен азаматтық істері тұралы әңгімелерді бала кезімізде үлкендерден талай еститін едік.

3. Жаңбыршин Шәкір – Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан Республикаларына еңбегі сіңген су инженері. Елден ерте кетіп, үнемі сырт жерлерде жүрді. Алматы қаласында тұрып қалған. Ол кісінің баласы Әлім техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Америкадағы және Канададағы бірінші елшісі болды. Оның немере інісі Айдар Садуақасұлы полковник, республикалық Ұлттық Қауіпсіздық комитетінде үлкен қызметте. Басқа балалары да жақсы қызметтердің иесі.



4. Салықұлы Әлімбек ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты, ғылым институтының қызметкері болды, үлкен кеңшарды басқарды.

5. Оспан әулетінен Бопан, Нөкендер өз заманының көрнекті азаматтары еді.

Бопан ұжымшардың басшыларының бірі, Нөкен он саусағынан өнері тамған шебер еді. Махмет Оспанұлы ішкі істер мекемелерінде ұзақ жылдар жауапты қызметтер атқарды. Махметтің баласы Жасұлан жиырма сегіз жасында кеңшардың директоры болып қызмет атқарды. Руслан Махметұлы көп жылдардан бері Шал ақын ауданында аудандық белді қызметте істейді.

6. Мансүр қари Жетпісұлы атақты діни білімді кісі. Құран хадистерін түгелдей жатқа айтатын, әсерлі, әдемі үнді имам болды. Шежіре, накыл, аталы сөздер, қиссаларды жатқа айтатын. Өзі де өлең жазатын өнері бар еді. Қаридың немере інісі Отызбай Тоқсанұлы тамаша дауысты әнші, шебер домбырашы, қол өнеріне ұста кісі болған. Бұл кісілер менің туған нағашыларым болғандықтан өз бойымда бар біраз өнерлер осы кісілерден жұққан болар деп ойлаймын.

7. Тышқан тұқымынан қажылық, сапарын атқарған кісілер:

Сыздық Қойлыбайұлы.

Көшеғалы Қойлыбайұлы.

Мақат Әлімбайұлы

8. Молдалар : Молдағали Сыздықұлы  
Мансүр қари Жетпісұлы

## СЫЗДЫҚ ҚАЖЫ

Сыздық қажы Қойлыбайұлы – Атығай ішіндегі Ырсай ұрпағына жататын бес ата Орыс балаларының ата қонысы Шал ақын ауданындағы Көктерек ауылының атақты ұлдарының бірі. Ол 1860-1917 жылдары өмір сүрген. Бабамыз Орыстың Азат атты ұлынан Пәрменбек туады да, одан әйгілі Тышқан батыр, одан – Әлімбай, Қойлыбай, Сандыбай, Жолдыбай, Пазылбек тараған.

Тышқан батырдың баласы Қойлыбай да елін қорғап, ерден түспей жүрген батыр болған екен. Қойлыбайдың балалары Сыздық, Көшеғалы жақсының ісін жалғастырып, екеуі де өте сауатты әрі діндар кісілер болған. Екеуі де кезінде қажылық парызын өтеп, Меккеге барып қайтқан. Екеуінің де сл төңірегінде көзге түсер байлығы, мындап айдаған жылқылары болған. Табын-табын қара малы, әсіресе жиырма-отыз мың деп мөлшерленген қойлары болғанын көзі көрген аталарымыз аңыз қылып айтып отыратын. Қолдары ашық, кем-кетікке, жетім-жесірлерге көмегі көп, мейірімді, кең пейілді, ортақшыл кісі болыпты.

Сыздық қажы ислам дінін бар ар-ожданымен қабылдап, дін қағидалары мен жолын тік ұстап откен, халқының құрметіне бөленген өз заманының зиялы, сол кездегі қоғамның алдыңғы қатарлы өкілдерінің бірі саналған. Көзі ашық, түсінігі терең, өлеуметтік ағымды бағдарлап болжай алатын парасатты болған. Соның нәтижесінде ел қамын, ұрпақ болашағын ойлап, үлкен де, көз тартар көрікті мешіт салдыруға бар байлығын аямай

жүмсаған пірәдәр. Біркелкі қарағайдан қиып, жасалған еңсесі биік, зәулім ғимарат көк сырмен сырланып, төбесі ақ қаңылтырмен жабылып, анадайдан ғана емес, алыс қырлардан көрініп тұратын құрылыс болған. Зәулім мұнарасының басына орнатылған ай, күнмен шағылысып көш жерден көрініп тұрады екен.

Мұнарадан азан айтылған кезінде көк Есiлдің екі бетін қуалай орналасқан елдерге азаншының үні асқақтай жетіп, еріксіз ұйытып, естілетін зәулім мешіт сол төңіректің мақтанышы болғанын талай естіп едік. Бұл құрылыс қазіргі Көктерек пен Ленин ауылдарының аралығындағы, осы күнге дейін «Мешіт» - деп аталатын биік қыратта орналасқан, орны қазір де бар.

Осы мешітте діни рәсімдер атқарылуымен бірге қажының өзі басқарған медресесі жұмыс істеп, бала оқытқан. Кейін, Сыздық қажы балалардың жан жақты сауатты, көзі ашық, өмір танымдарының өрісі мен заман ағымына сай білімді болуын тілеп, араб емлесінен жеңілдетіп тез оқылатын төте оқу деген жазудағы мектеп ашқан. Осы мектепте ауылдың және көрші қоныстардың балалары оқып, ғылымға, білімге ынталары ашылып, талай талантты, талапты балалардың өсіп жетілуіне мүмкіндік туғызған. Өйткені қажы балаларды оқытатын мұғалімдерді өз қаржысына Ресейден, Қостанайдан, Татарстаннан әкеліп, қызметте ұстаған.

Бұл мектеп сол кездегі Ақмола облысының жұмыс істеп жатқан ауыл мектептерінің 1905 жылғы тізбесінде тіркелген. Осы мектепте оқыған азаматтар

ксіін Кеңес үкіметі орнаған кезде көпшілігі бірден қызметке араласып, жауапты, лауазымды қызметтерді игеріп кеткен. Содан барып «қырық папқалы» Көктерек атанып, көптеген қызметкерлердің, белгілі мемлекет қайраткерлерінің шығуына Сыздық атамыз осылайша үлес қосқан.

Халықта сауатсыздық болды онда,  
Түзелді Сыздық бас боп бұл іс оңға.  
Төте оқудың ұстазын алып келіп,  
Ауылды жетеледі жаңа жолға, - деп жазған еді  
бұл туралы А. Нұртазин өзінің өлеңдерінде.

Осындай бүкіл төңіректің қадірмені болған, періштедей ақ ниетті, ұрпақтарының қамын жеп, болашағын ойлаған көкірегі сергек, парасаты мол, халқының алақанында жүретін азамат, елге сіңірген еңбегі мол ұлы адамның аты осы күнге дейін аталмай жүргені өкінішті-ақ. Қажы, молда деген атты құбыжықтай көрген заманның, қасіретті зобалаңы кімдерге тимеді. Сыздық қажы да солардың бірі ретінде аты ұрпағының есінен өшіріліп кете жаздал, тек игі істерімен, еңбегімен, өзінің ашқан мектебімен ғана ел есінде сақталып қалды.

Сыздық қажының Жұмағали, Молдағали деген балалары болды. Жұмағали қара шаруамен ғана айналысқан, бір ізбен ғана жүріп, көлеңкесіне қарайлап өткен кісі. Молдағали оқыған, өз сауатын үнемі кітап оқып, ізденумен көтеріп, өмірдің орбуінен жан-жақты хабардар болып, еті тірі, ой өрісі кең, әкесінің дарыны жүкқан тұлға ретінде танылғанын аталарымыз сыбырлап қана айтатын

еді. Жиырма алты жасында сұрқия заманның қанды тырнағына ілініп, тұтқындалып кеткен де, содан жоқ болды. Оны үйден ұстап тұтқындағанын көрген кісілерден барлық кітаптарын, қолжазба қағаздарын қаптарға тиеп, бірге алып кеткенін естіп едік.

Сыздық қажының ұрпағы, түп тамыры осындай жағдайда бітті. Қайран асыл арыстар-ай, солақай саясат пен озбыр заманның, өрескел заңының соқырлығынан тектен-текке құрбан болып кеттіңдер-ау. Іштей қан жылағаннан басқа не айтарсың. Тек енді есімдерін әспеттеп, қадірлі бағасын беріп, тарихтағы өз орнын тазалап алсақ, соның өзі біз, яғни қазіргі ұрпақтары үшін үлкен парыздың өтелгені болар еді.

Енді еліміз тәуелсіздік алып, санадағы тоталитарлық жүйенің пердесі сыпырылған кезде «елімң- деп сңіреп өтсе де, осы күнге дейін атаусыз қалған арыстарымыздың атын арашалап алар кезде Сыздық қажыны да қадіріне қарай бағалай білгеніміз жөн деп ойлаймын. Сонау патшалық заманда қазақ жеріне, өз елінде мектеп ашып, өз қаражатына мұғалімдер ұстап, балалардың болашағы үшін бар күш-қайратын сарп өткендер санаулы-ақ. Тіпті саралай білсек, оның еңбегі әйгілі Ыбырай Алтынсаринмен тең, деңгейлес.

Биылғы жазғы маусым айында жолым түсіп Шал ақын ауданында болғанда Сыздық қажы жүріп өтті-ау деген жерлерді аралап, сонау 18-ші ғасырдан бастап, өткен ғасырдың басына дейін ғұмыр кешкендердің зиратын аралап жүріп Сыздық қажының басына қойылған ескерткіш тасты тауып, жазуын оқыдым. Ондағы деректер жоғарыда айтыл-

ғандай екен. Бірге еріп барған жолдастармен тізе бүгіп, аруақтарына бағыштап аят оқыдық. «Өлі риза болмай, тірі байымас» - дейді ғой.

Ал, Сыздық қажы сияқты тұлғаларды тани біліп, аруағын сыйлап, ел алдында сіңірген еңбегін бағалай білсек, біздің, өзіміздің ұрпақ ретіндегі парызымыздың өтелгені болмақ.

**Қобылан Хамзин,  
зейнеткер.  
«Солтүстік Қазақстан»,  
4 қыркүйек 2001 ж.**



### 3. ЖАМАНҒҮЛ

Жаманғұлдан Өмірзақ, Құттықадам және Төттіқадам.

1. Өмірзақтан Шоқы, Естен.  
Шоқыдан Сәкбай, одан Нақай. Нақайдан ұрпақ жоқ. Естеннен Тасболат.  
Тасболаттан Молдаш, одан Зұлқарнай.  
Зұлқарнайдан ұрпақ жоқ.

2. Құттықадамнан Жұрымбай, Досқана.  
Жұрымбайдан Баянды, Майкөп, Қобылан,  
Тойқұлы.  
Баяндыдан Балтабай, одан Аманбай, Ыбырай.  
Аманбайдан Зия. Зиядан Абылай, Әлібек,  
Тасқын, Ақан, Азамат, Шоқан, Руслан.  
Абылайдан Дәурен. Әлібектен Толқын, Айдын.  
Ақаннан Алмаз. Шоқаннан Олжас. Русланнан  
Манас.

Ыбырайдан Қанат, Берік.  
Қанаттан Әсет, Асхад. Беріктен Данияр.  
Майкөптен Тілеміс. Тілемістен Нұрғазы, одан  
ұрпақ жоқ.

Қобыланнан ұрпақ жоқ.  
Тойқұлыдан Баржақсы. Баржақсыдан  
Құрманғали, Темірғали, Ескендір.  
Құрманғалидан Ғабиден, Ғаббас.  
Темірғалидан Қабыжан, Ғалымжан, Есен,  
Қалижан, Досжан. Ғалымжаннан Ержан.  
Есеннен Дәмир. Қалижаннан Данияр, Талғат.  
Досжаннан Тимур, Руслан.  
Ескендірден ұрпақ жоқ.  
Досқанадан Найманбай, Үсенбай, Көлбақа,

Қарабай, Нысанбай.  
Найманбайдан Дайыр, Сарыбай.  
Дайырдан Сейтен, Сейтказы, Сейдахмет  
Әлжан.  
Сейтеннен Санақ. Санақтан Сәкен, Нұрлан,  
Шоқан.  
Шоқаннан Нұрлан.  
Әлжаннан Қапез. Қапезден Ғани, Дархан,  
Физзат,  
Руслан, Азамат. Ғанидан Болат.  
Дарханнан Серік. Физзаттан Азат, Азаттан  
Темірлан.  
Сарыбайдан Сарымырза, одан Мәмбет.  
Үсенбайдан Қасен, Асайын.  
Қасеннен Қаби, одан Ескен. Ескеннен Ерден.  
Ержан, Нұржан, Руслан. Ержаннан Жасұлан,  
Дәурен.  
Нұржаннан Айтемір. Русланнан Асанәлі,  
Алмаз.  
Ерденнен Айдар  
Қасеннің екінші ұлы Жанғали. Жанғалидан  
Едіге, Жағыпар, Жәдігер, Ермек, Еркін.  
Едігеден Руслан, Арман, Ерлан, одан  
Наурызбай.  
Жағыпардан Азамат. Жәдігерден Ерназар.  
Қасеннің үшінші ұлы Мұқатай, одан Жанат.  
Досқана баласы Қарабайдан ұрпақ жоқ.  
Үсенбайдан Асайын, одан Ақтай, Арғын,  
Совет.  
Ақтайдан Ернаш. Басқасынан ұрпақ жоқ.  
Көлбақадан Серғали, Ерғали, Мәкен.  
Серғалидан Ғазез, Фазыл, Қадыр, Ғазезден  
ұрпақ жоқ.



Фазылдан Нұрлан, Нұржан.  
Сабыржан, Өміржан. Нұрланнан Азамат.  
Нұржаннан Рашид. Сабыржаннан Әлібек.  
Қадырдан Бауыржан, Совет. Бауыржаннан  
Азамат.  
Ерғалидан Ермек, Мағзұм, Ержан, Ерсайын.  
Ермектен Серік.  
Мөкеннен Құсжан, Қарағандыда тұрады,  
ұрпағы белгісіз.  
Нысанбайдан Нұртаза, Нұрпейіс, Әубәкір.  
Нұртазадан Айтмұхамбет, Ешмұхамбет.  
Ахметжан. Ахметжаннан Қайрат.  
Нұрпейістен Омар, Қоспан. Омардан Ибрагим.  
Ибрагимнен /Ібіжан/ Досбол, Ербол, Найман,  
Мереке, Алтай.  
Досболдан Данияр. Әнуэр.  
Ерболдан Мадияр, Бахтияр. Қоспаннан Сәкен,  
Жақсылық, Қоблан. Ұрпақтары жоқ.  
Әубәкірден Ғаббас, одан Талғат. Талғаттан  
Ерлан.

3. Тәттіқадамнан Жұмабай, Есенбай, Ақпейіл,  
Уәйіс.

Жұмабайдан Шынәлі, Жанәлі.

Жанәліден ұрпақ жоқ.

Шынәліден Қайыржан, одан Сайран.

Сайраннан Абылай,

Алтай, Адай. Абайдан Болат. Алтайдан Абай.

Абылайдан Арман, Ержан, Саян.

Есенбайдан Рамазан, Көшеғалы, Уәйіс, Бикен,

Әубәкір.

Рамазаннан Мұхамедрахим, одан Әлкен.

Әлкеннен Серғали, Сәрсенбай, Секен.

Сәрсенбайдан Әуелбек. Секеннен Алтынбек.  
Көшеғалыдан Қами, одан Амангелді.  
Амангелдіден Жасұлан, одан Азат.  
Бикен, Әубәкірден ұрпақ жоқ.  
Ақпейілден Алпыс, Тоқсан, Қонарбай. Уәйіс.  
Алпыстан Шәймерден, одан Шаяхмет.  
Шаяхметтен Болат,  
Сәкен, Серікбай, Болаттан Мейрам, Ербол.  
Амангелді. Серікбайдан Тілек, Ерлан.  
Болаттың ұлы Мейрамнан Азат, Әсет.  
Тоқсаннан Жәмәли, одан Қабыкен.  
Қабыкеннен ұрпақ жоқ.  
Қонарбайдан Уәли, Ләмәли. Уәлиден Шалбай,  
одан Жарқын.  
Жарқыннан Ерік, Серік, Берік, Абай. Серіктен  
Диас.  
Беріктен Олжас.  
Ләмәлиден Ермек, Сәкен. Ермектен Жансерік,  
одан Сұлтан.  
Сәкен ерте өлген.  
Уәйістен ұл бала жоқ.



# АТАҚТЫЛАР

/Жаманғұл әулетінің атақты ұлдары туралы деректер/

1. Аманбай Балтабайұлы бойшаң, толық денелі, екі иығына екі кісі сиятын, қараторы өңді, қою қара қасты, ширатылған ұзын мұртты, келбетті кісі еді. Колхозда басқарма болды. Ленин орта мектебінде оқып жүрген кезімде бұл кісі дүкенші болып қызмет атқарғанын білемін. Ауызында уәлі сөзі бар, ел бірлігіне, ауылдың көркейуіне үлесін қосқан атақты кісі.

2. Балтабаев Абылай Зияұлы осы аталған Аманбай атамыздың немересі, жоғары білімді ауыл шаруашылығының маманы. Көп жылдар агрономдық қызмет атқарып, үлкен кеңшардың директоры болды.

3. Қапез Әлжанұлы ауылшаруашылығын басқарып ұйымдастыру істерінің майталманы болған азамат. Көп жылдар Ибраев атындағы кеңшардың орталық бөлімшесін басқарды. Соңғы жылдары зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін ауылдық кеңестің төрағасы болды. Ақ жарқын, ашық ойлы, дархан қолды, халықтың қалаулысы, елдің елеулісі.

4. Санақ Сейтенұлы көп жылдар ішкі істер мекемелерінде үзбей қызмет атқарып, майор атағымен зейнеткерлік демалысқа шыққан. Содан кейінде бірнеше жылдар бойы аудандық өрт сөндіру

бөлімін басқарды. Тимирязев ауданының алғашқы ұйымдасқан кезінен сол жерде қызмет атқарып келе жатқан, сол төңіректің қадірмені.

5. Есен Темірғалиұлы жоғары білімді, білікті педагог. Көп жылдардан бері Ленин орта мектебінің, Кәзіргі Мәркен Ахметбекұлы атындағы мектептің директоры. Ақжарқын, ақ пейілді, оқу істерін шебер ұйымдастырушы, елге, ұжымына сыйлы, белді, беделді қызметкер.

6. Ескен Қабиұлы көп жылдар орта мектептерде директорлық қызмет атқарған, оқу-ағарту істеріне еңбегі сіңген педагог. Өмірінің соңғы жылдары кеңшарда ауылдық кеңестің төрағасы қызметін атқарды. Ескеннің балалары Руслан аудандық сот қызметінде, Нұржан облыстық әкімшілікте департамент бастығы.

7. Ахметжан Нұртазаұлы облыстық халық ақыны, көп жылдар орман шаруашылығын басқарып, облыстың орман байлығын арттыру ісіне срекше еңбегі сіңген қайраткер.

Суырып салма айтыс ақыны, жазба ақын ретінде бірнеше кітап жазып шығарған. Кітаптары оқырмандардың қолында.

8. Ермек Ләмәлиұлы Қонарбаев жоғары білімді педагог. Мектеп директоры болды. Республика көлеміне аты белгілі жазушы. Жазып шығарған бірнеше кітаптары халықтың қолында.

Ахметжан Нұртазин және Ермек Қонарбаев туралы жинақ жазып, «Асыл арыстар» деген кітап жасап шығарып, халыққа таратқан болатынмын.

9. Ләмәли Қонарбаев, жазушы Ермектің әкесі, кезінде КазЦИК мүшесі болған, мемлекет қайраткері. Аудан көлемінде жауапты қызметтер атқарған атақты ағамыз. Ләкеңнің атақты азамат болғаны туралы арнайы мақала жазып Солтүстік Қазақстан газетінде жария еткен болатынмын.

10. Қажылық сапарын атқарған кісілер:  
Үсенбай қажы  
Көлбақа қажы

11. Шаяхмет молда елдің сыйлы, құрметті хадірмені болған кісі: Баяу ғана сөйлейтін жібек мінезді жан еді. Дін жолынан таймаған үлгілі, оқымысты, білімді кісі.



### 3. БАТЫРБЕК

Батырбектен Жаулыбай, Тоғай, Байсары,  
Қойгөл.

1. Жаулыбайдан Балғожа, Нарғожа  
Балғожадан Қоспан, Зікірия, Махмет.  
Махметтен Қабдырашид.  
Зікіриядан үл бала жоқ.  
Қоспаннан Қайырбек. Қайырбектен Ерген,  
Әлібек, Бекет, Төребек.  
Ергеннен Тимур, Руслан. Әлібектен Дәурен  
Бекеттен Данияр, Азамат  
Нарғожадан Ақпамбет, Мұқыш, Шайқы  
Шайқыдан Бекен.  
Мұқыштан Мәлгәждар, Шора, Есләмбек  
Мәлгәждардан, Еламан, Аманжол,  
Кенже, Жоламан /Жолкен/.  
Жоламаннан Ербол. Еламаннан Медет, Әсет.  
Аманжолдан Данияр. Кенжеден Рахат.  
Шорадан Ержан, Еркін.  
Ержаннан Ерік. Еркіннен Марат.  
Есләмбектен Наиль, одан Нарик.  
Ақпамбеттен Құлеке, Тілеке.  
Құлекеден Секен. Секеннен Сәлтай, Алтай,  
Қантай, Руслан.  
Алтайдан Ербол, Рустам, Адай. Қанаттан Ерназ.  
Тілекеден Шәмірән, Жолкен. Жолкеннен  
Руслан.  
Шәмірәннан Саят, Бағдат, Ертөстік,  
Әсет, Азамат. Саяттан Азат.
2. Тоғайдан Бақтыбай, Сақтыбай, Мықтыбай.

Бактыбайдан Махамбет, одан Нұрқан,  
Ғабдолла, Ғаббас /Бапи/.  
Нұрқаннан Әнес, Таласбай  
Әнестен Жарасбай, Марат, Дулат Талғат.  
Жарасбайдан Жомарт, Жәнібек.  
Мараттан Саят. Талғаттан Болат, Сұңғат.  
Дулаттан Азамат, Мұрат.  
Таласбайдан Нағашыбай, Ағыбай.  
Нағашыбайдан Дәурен, Ағыбайдан Дәулет.  
Ғабдолладан Божынай, одан Азат,  
Қанат, Ахат, Жанат. Азаттан Берген,  
Қанаттан Арман, Ахаттан Әлібек.  
Ғаббас /Бапи/-дан Кәрібай, одан Сапарғали.  
Сапарғалидан Ерболат, Арман.  
Мықтыбайдан Тәліп, Қанапия.  
Тәліптен Мұқажан, одан Мағзұм.  
Мағзұмнан Мұрат, Асқар, Тұрлыбек,  
Еркебұлан.  
Еркебұланнан Нұрлан.  
Мұраттан Руслан. Тұрлыбектен Аслан.  
Қанапиядан Әбзахмет, одан Қайраш.

4. Байсарыдан Құдайберген, Өтетілеу,  
Тілеуберген.  
Құдайбергеннен Көшмағамбет, Есімсейіт,  
Өмірсейіт, Ешмұхамбет, Баймұхамбет,  
Нұрақай, Жалақай.  
Көшмағамбеттен Әнуәрбек, одан Ерген  
Ергеннен Ермек, Жәнібек.  
Есімсейіттен Рәшид, одан Балхашбек,  
Жақсылық  
Өмірсейіттен Сәмбет, Құнанбай, Қошқарбай,  
Бүркітбай, Жұман.

Құнанбайдан Қоблан, Бүркітбайдан Олжас.  
Жұманнан Данияр.  
Нұрақайдан Есләм. Есләмнан Болат,  
Берген, Шеген, Қарабек.  
Қарабектен Тимур. Бергеннен Елдар.  
Шегеннен Нұртас, Ринат.  
Жалақайдан Бекен.  
Ешмұханбет, Баймұханбет – екеуінен ұрпақ  
жоқ  
Өтетілеуден Қажымұрат, Исхак.  
Қажымұраттан ұл жоқ.  
Исхактан Қалиахмет, Қабиден.  
Қалиахметтен, Қайыржан, одан Нұрлыбек,  
Тұрлыбек.  
Қабиденнен Қамарбек, одан Серік, Берік.  
Тілеубергеннен Рамазан, Смағұл.  
Рамазаннан Қоспан, Бабағұмар, Сыздық,  
Бабай.  
Қоспаннан Жұмабек, одан Қарқын,  
Нұрахмет, Қуан. Қарқыннан Ерлан,  
Жанжетпес, Жасұлан. Нұрахметтен Тимур.  
Қуаннан Бахтияр.  
Сыздықтан Кәдір, одан Дәурен, Нариман.  
Бабағұмар, Бабайдан ұрпақ жоқ.  
Смағұлдан Молдағұмар, одан Қайдар.  
Қайдардан Найман, Сайран, Сайлау.  
Найманнан Алтынбек, Сайлаудан Сағадат.

4. Қойгөлден Малберген, одан Шүленбай.  
Шүленбайдан Сағындық, Сақтаған.  
Сақтағаннан Тілепбай, одан Жәкәбай.  
Сағындықтан Ережеп, Әбілмәжін, Хамза,  
Едірес, Ілияс.



Ережептен Ғайса. Әбілмәжіннен ұрпақ жоқ.  
Хамзадан Қабдөссәләм, Қабдөссабыр, Сәтібек,  
Қобылан.

Алғашқы екі ұлдан ұрпақ жоқ

Сәтібек соғыста опат болған.

Қобыланнан Сағат, Таңат, Дулат, Болат.

Болаттан Талғат.

Едірестен Шортан, Торсан.

Шортаннан Ибрагим, Ерсайын, Жасұлан,

Наурызбай. Наурызбайдан Азамат.

Торсаннан Тауфық, Дүйсенбай, Бейсенбай

Тауфықтан Ренат, Алмас. Бейсембайдан Алмаз.

Ілиястан Ғазез одан Дәулеткерей, Ришад.

Ришадтан Қайрат.



# АТАҚТЫЛАР

/Батырбек әулетінің атақты ұлдары туралы деректер/

1. Балғожаұлы Қоспан, 1886 жылы туып, 1959 жылдары көп ауырып барып қайтыс болған. Жалғыз ұлы Қайырбек екі жылдық МВД мектебін Ташкент қаласында менімен бірге оқып бітірген. Біраз жылдар ішкі істер мекемелерінде қызмет атқарды, өмірі қысқа болды.

Оспанов Махмет ағамыздың Зәуреш атты қызына үйленіп, төрт ұл көріп өсірді.

Қоспан жаңа оқу білімі болмаса да, көзі ашық, көкірегі сергек, батыр мінезді, досына жанын беретін, дұшпанын жауыздай көретін өжет кісі болды. Киімді таңдап сәнімен киетін. Сәнді қара мұртымен қою қара қасы, бет әлпетіне ерекше көрік беретін. Ертеде қазақ арасында ұзын шәш қою жоқ заманда, елде алғашқылардың бірі болып, ұзын шәшін желкесіне түсіре қайырып, сәнді тарап жүретінін үлкен әжелеріміз айтушы еді.

Облыстық халық ақыны Ахметжан Нұртазаұлының «Орман жыры» атты кітабындағы «Ауылдағы арпалыс» поэмасының бас кейіпкері осы Қоспан Балғожаұлы. Поэма анық болған оқиғаларды баяндайды. Осы әңгімелерді мен Қоспан атамыздың өз аузынан бастауыш мектепте оқып жүргенде естідім. Қосекенді ауылдағы өзінен кішілердің бәрі Әти дейтін. Мен де атамызды Әти деуден жаңылмайтын едім. Біздің әулетпен өте жақын болған бұл шаңырақ «үлкен үй» аталатын.

Кеңес үкіметі Қазақстанға келе бастағанда, 1917 жылдың күзі мен қысында біздің жерлерде де, ақ пен қызылдың арасында ымырасыз ұрыстар, қантөгіс қақтығыстар болған. Осы кезде Арқа төсінде Амангелді Иманов бастаған ақтарға қарсы күрес болса, біздің жерде осындай шайқасты Қоспан Балғожаұлы басқарған. Партизандық күрес-терді, жеңісті шайқастарды ұйымдастырушы қолбасшы Қоспан Балғожаұлының қол астында жүздеген әскер болған.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін елде ұжымшар ұйымдастыру істеріне араласып, ұжымшар басшы-ларының бірі болған кісі.

Ауылда жүзге тарта түйе малы болғаны белгілі. Осы малдың басының көбеюіне үлкен үлес қосқан Әтиіміз Қосекең болатын.

Өмірінің соңғы кезінде ауырып төсек тартып бірнеше жыл жатты. Әтиімізді ақ төсектің үстінде жатқызып күтуге апамыз Сәлімәнің сіңірген еңбегін кәзіргі жастарға үлкен өнегелі іс ретінде айтып жүремін.

Сақып екеуіміз жас қосылып, отау көтергенде үйіне әдейі шақырып батасын берген үлкен аталарымыздың бірі де - осы Қосекең Әтиіміз. Осындай білімділігі естен шықпайды. Иманды болсын!

2. Нарғожаұлы Ақпамбет атамыз туралы өзіміз көрген үлкендеріміздің аузынан талай әңгіме естіген едік.

Әсіресе өзімнің шешем Салиха бұл кісі туралы көп әңгімелер айтушы еді. Ахаң атамыз бойшаң, сом, шымыр денелі, мықты кісі болған екен. Ақ

пейілді, ашық ойлы, айтатын сөзін іркіп қалмайтын, ойына алған ісін орындамай қоймайтын кісі болған. Атамыздың балалары Құлеке, Тілекелердің көпшілік мінездері, ақсақалдардың айтуынша, әкелеріне ұқсайтын біртуар ұлдар екенін көрдік. Тілеке атамыздың бойына біткен алып күшін Көктерек атты кітабымда жазып, халыққа таныс еткен болатынымын.

Ақпамбет атамыздың Бәдиша атты бәйбішесі болды - дейтін еді шешем Салиха. Сол әжеміз өте бейғам, саспайтын, солай бола тұра үй ішінде айтқан сөзі бәріне бұйрықтай орындалатын әдет болған екен. Шәруәшіл Ахаң атамыз ерте тұрып, келіндеріне сиырларын сауғызып, биелерді ағытып, бәрін өріске шығарып, шәйді самаурынға қайнатып қойып бәйбішесіне:

-Бәдишә, Бәдишә оян, түр, малды өргіздім, от жағулы, шәй қайнап тұр, шәй ішейік - деп қоймай оятқанда, әжеміз:

-Ой қағынып кеткір, қағынғыр, саған от жақ дедім бе, шай қой дедім бе, өзім де соларды істейтін едім ғой, мазасыз қағынғыр -деп төсегінде отырып, саспай киініп жатқанда, кемпірінің әлгі сөздеріне, баяу істеріне қапа болып, күйіп-пісіп қалатын Ахаң:

-Ой, құдай-ай, құдай-ай, бұл шатақты көргенше, өліп қана, намазымды оқып жатсам етті-деп ыза болады екен.

Өлген кісі намазын оқып, тиыш жататынын қайдан білгенін, түсініп көр. Есте қалатын қандай аңғал сөздер.

Естіген құлақта жазық жоқ деген сияқты, Ахаң туралы талай әңгімелер бар. Жоғарыда аталған әжеміз соңғы бәйбішесі болса керек. Жастай алған

келіншегімен бірде шөп дайындығында жүріпті. Аспен тартып иірілген шөмелелерден үлкен шошақ үю керек. Сол жұмыста төменде ұзын ағаш айырмамен шөп әперіп өзі жүреді, шошақ басында, Ақаң әперген шөпті айырмамен дестелеп-жайып салып, әйелі тұрады.

Ұзын салалы ағаш айырмамен сірестіре көтерілген шөпті төбеде тұрған келіншегі шамасы жетіп, қағып алып ұстап қалуға бірде қолының күші жетпей, шошақтың басына көтерілген шөп жерге қайта сырғып түседі. Кенеттен соған ыза болып кеткен Ақаң әйелін боқтап жіберіп, ұзын айырмамен қағып қалады. Биік шөптің шетінде аңдаусыз тұрған келіншек жерге құлап түседі. Құлағанда, төбесімен төмен түскен әйелдің мойнына зақым болып, шөп басында көз жұмған екен.

Әйел жерленеді. Әрине, бұл қасақана жасалған қастандық емес, қателік, үлкен қасырет. Әйелдің туыстары көрші елде тұрады. Өлімнің себебі тез білініп қалады.

«Қызымызды ұрып өлтірді» - деп, екі елдің арасында дау-жанжал туады. Ол кезде мұндай жанжалдың аяғы «Құн» дауына апарады, «барымта» алады. Даудың өршіп тұрған кезінде, бір түнде, жылқыдан Ақаңның ерен жүйрік торы-бесті атын Құн төлеміне қарсы жақ алып кетеді. Ат үнемі бәйгеге түсіп, жүлде бермей жүрген атақты жүйрік, әрине бағалы жылқы. Енді атты даулап, жанында қарулы нөкер-жігіттері бар Ақаң қайын жұртының еліне барады. Әдетте осындай жанжал-ұрысқа кірісерде Ақаң түйе жүн шекпенінің белін мықты белбеумен буып, қойынын жұмыртқадай-жұмыртқадай Есілдің тастарымен толтырып алып, қолына

шоқпар, тақымына ықшамды сойыл басып шығады екен. Бұл жолы да солай қаруланған Ақаң шоқпарын бұлғап, қарсы жақты даудың шешіміне шақырып, атын даулайды. Сонда:

-Менің бәйге-торымның құны қырық теңге, сендердің қыздарыңның құны жиырма теңге, жиырма теңге назаит - деп айғай көтерген екен, деген сөз бар. Даудың немен аяқталғаны белгісіз, ақыры тиышталып, екі елдің ара қатынасы қайта жалғасқан ғой. Әңгіменің қызығы, қыздың құнын, Ақаң тегі қызға үйленгенде төленетін қалың малдың бағасына балады ма екен, кім білсін, қалай болғанда, жиырма теңгеге бағалап, қырық теңге тұратын өзінің жүйрік бестісінің бағасынан жиырма теңгені «қайырып берулерін талап етуі, өлген кісінің құнынан еше сдаци» сұрауында болып тұр ғой. «Назаит» – дегені сол артығын қайырындар дегені емес пе.

Мұндай дау, мұндай сөздер қалай есте қалмайды. Шіркін, аңқау, аңғал, батыр, жалаң төс, ақ жарқын аталарымыз-ай.

3. Мықтыбай әулетінен Әбзахмет атамызды, Құдайбергенұлы Өмірсейіт атамызды көрдік, талай әңгімелерін тындадық. Екеуі замандас, құрдастар дәстүрімен өте қатты әзілдесіп, кейде өзара өрескел ойындары болатын. Соған қарамай, еш уақытта бір-біріне ренжу деген болған емес. Әрқашан қалжындары жарасып, жылы жүзбен табысатын. Бір ғажабы, осы кісілердің дауыс шығарып, күлгендерін көрмедім, екеуі де тек езу тартып, көздерімен күлетін. Екеуі де қара сөздің, әзіл сөздің шеберлері болды. Көргендері көп, жадына сақтағандары

ұланғайыр шежіре адамдар еді. Ахметжан Нұртазин атамыздың Әбзахметтен, Өмірсейіттен естіген едім деп басталатын әңгімелерін талай тыңдайтынбыз. Өменнің бірнеше әзіл-қалжың әңгімелерін «Көктерек» атты кітапта жазған болатынмын.

4. Тоғай әулетінен Нұрқан атамызды көрдік. Аласа бойлы, шымыр денелі, сақал-мұртын сәнді ұстаған, сөзге шебер кісі еді. Дін жолына шын берілген, ораза-намазын қаза етпеген адам. Соғыс жылдары Ленин ауылындағы почта бөлімшесінен «Көктерек» тұрғындарының хат, қағаз, газет, сәлемдемелерін таситын, Сондықтан «почта-шал» атағымен, атын атамай білетін сыйлы кісі болды.

Сол хат-хабарлардың арасында соғыста оққа ұшқан ел азаматтары туралы қазына конвертіне салынған түсі суық хаттар да келетін. Оны ел арасында «қара-қағаз» —деп атайтын. Осы атамыз почта әкелгенде көңілді келсе қуанып, қабағы келіспей келсе бір сұмдықтың бар екенін халық сезетін. Ондай хатты апаратын үйге атамыз бір өзі бармай, жанына қосшыларын алып барса, арнайы топ үйге жақындай бергеннен-ақ бір жаман хабардың келгенін сезіп, үрейленіп, үй иелері жылай бастайтын. Нұрқан атамыздың сақал-шәшінің тез ағарғаны, осындай ауыр міндеттерді атқару қиындығы кезінде, тағдырдың артқан ауыр жүгінен болған болар.

Нүрекең ауыр мінезді, көп тыңдап аз сөйлейтін, айтар сөзі орнықты, көпшілік сөзін астарлап, жұмбақтап айтатын.

Нұрқан атамыздың балалары Әнәс, Таласбай ағаларымыз елдің сыйлы, белді азаматтары болды.

Әнәс ағамыз соғыстан офицер шенінде оралып, Көктерек ұжымшарында басқарма мүшесі, Ленин ауылдық кеңесінде, кеңестің төрағасы болып көп жылдар қызмет етті. Таласпай ағамыз ауылдық мектепте мұғалім болып ұзақ еңбек атқарды.

Әнәс ағамыздың үлкен баласы Жәрәсбай Республика көлеміне белгілі ақын.

Қара шаңырақта от ағасы болып қалған жеңгеміз Тойжан өмірден өткен үлкендердің артында осы тұқымға қараған ұрпақтың ұйтқысы, ақылшысы болып отырғанына дән ризамыз, солардың көзіндей көріп сыйлаймыз.

5. Мағзұм Мұқажанұлы Тәліпов бүкіл өмірін мектептерде бала оқытып тәрбиелеу қызметіне бағыштаған мұғалім, мектеп директоры болды.

6. Сыздық Рамазанұлы бүкіл саналы өмірінде ұжымшарда есеп-қисап шаруашылығын атқарды. Сыздық атамның өнері бір адамның басына аз емес еді. Оймен есеп шығарғанда компьютермен есептегендей қате жібермейтін. Патша заманында неше түрлі «ақ мөрді» өз қолымен жасай беретін шебер болған екен. Қарта ойындарының маманы еді. «Жиырма бір» ойынында талай білгірлерді қара тақырға отырғызып кеткенін естідік. Сықаң атамның талай өнерлерін бала кезімізде өзімізде көрдік. Той-думандардағы болатын ерегіс-егестерде үш-төрт табақ майды қолымен домдап аузына салып жұтып қоятынын, ерітілген сұйық майды қымыз ішетін үлкен ағаш аяқпенен ішкенін білеміз. Осындай ерекше істері көп болды.



Сақып екеуіміз үйленіп отау шаңырағын көтергенде Сықаң туыс ағамыз ретінде жанашыр ақылшымыз, құдалық тойда басқарушылардың бірі болып, ақ батасын аямай арнаған үлкеніміз еді. Ризашылық көңілден қалтырмай, дұғамызды арнап жүреміз.

7. Қалиахмет Исхақұлы Отан соғысына қатынасып, бір аяғынан айырылып, мүгедек болып оралды. Сыңар аяғымен балдаққа, таяққа сүйеніп жүріп ұжымшардың басшыларының бірі болды, Өмір бойы есеп-қисап жұмысына араласып өтті. Ақ пейілді, кең көңілді, үнемі жылы шыраймен табысып, ақыл кеңесін, қамқорлық істерін аямайтын. Ауылдың азаматтарының қуанышын да, қасіретін де бөлісіп, ешкімді алыс-жақын деп жіктемейтін бауырмал өнерлерін көріп өстік. Тілеке ағамызбен құрдас еді. Сөздеріне Тілекенің атын қосып сөйлеп, оған аударып салатын сырғытпа қалжыңдары қалмайтын. Екеуінің осы өнерлері туралы да «Көктерек» атты кітапта жазылған.

8. Әнуәрбек Көшмағамбетұлы ағамыз көп жылдар Ішкі істер мекемелерінде қызмет атқарып, соңғы жылдары Сергеев аудандық ІІБ-де бастықтың орынбасары қызметінен зейнеткерлік демалысқа шықты. Милиция майоры, ішкі істер қызметінің озаты.

Кәзіргі кездегі ауылымыздың сыйлы үлкені, ақылшы, қамқоршысы.

3. Сағындықтың бес баласы болды делінді. Солардың бірі Әбілмәжін ағамыз әнші, домбырашы,

бар өмірі ат үстінде, көптің ортасында ойын сауықпен өткен сал-сері кісі болған. Мұндай кісілер өмірде селдір кездесетін сал-серілер өнерлерінің иелері ғой.

4. Әкем Хамза бала күнінен діни оқуға беріліп, көп оқыған кісі. Көп жылдар оқу соңында жүргендіктен жеңгелері сол кездегі дәстүр бойынша, атын атамай «Сабақтағы бала» —деп кеткен. Ал үйдегі кішкентай балалар бұл сөзге тілдері келмей бұрмалап тәбәтә деп атапты. Сөйтіп, барлық балалалар, келіндер ол кісіні «Тәбәтә» деп атап кеткен екен. Туған балалары бізде солай атадық. Әкем Хамза туралы менің жазған кітаптарымда қара сөзбен де, өлеңдермен де біраз мағлұматтар айтылған.

Сыздық қажы орнатқан мешітке ашылған медреседе Хамза балаларға сабақ берген. Кейін кеңес үкіметі орнап ауылда ең алғаш ұжымшар ұйымдасқанда бұл кісі басқарма болып, өзі есепші болғанын мақтаныш сезіммен Ахметжан Нұртазалы атамыз айтып отыратын еді.

Сағындық атамыздың Ережеп деген баласынан Ғайса ағамыз туған. Ғайса Отан қорғау соғысында оққа ұшты. Соғысқа аттанғанға дейін елде ұжымшардың басқармасы болып қызмет атқарды. Орта бойлы, толық денелі, дөңгелек жүзді, қараторы олпеті көз алдымызда. Өткір үлкен қара көзін, кісімен сөйлескенде, айырмай тура қарап, езу тартып жымия тыңдап тілдесетін. Көп тыңдап аз сөйлейтін, әр сөзі орнықты, байыпты болатын. Адамсүйгіш, кісіге қамқорлық жасау, айтқан сөзін бұлжытпай орындау, ерекше қасиеттері болды. Үйде

бір асын, бір шайын жалғыз отырып ішкен кісі емес. Үнемі көрші-қоландарымен, жолдас-жораларымен бірге отырғанды жаны сүйетін.

Менің ұғымымда бұл кісінің ешқандай қасы жоқ болатын. Ғайсаның асқан адамгершілік қасиеттерін Ахметжан Нұртазаұлы ерекше мадақтап отыратын еді.

Ғайса еді біздің елдің пайғамбары,  
Амал не елге аман айналмады,  
Жабырқап, жетімсіреп жүрер ме едім,  
Құрбылар аман келсе майдандағы - деген  
жалғыз ауыз өлеңінен Ғайсаны ел пайғамбарға теңеп  
ардақтағаны көрініп тұр.

Ғайсадан үл бала қалмады. Рахила, Рәш, Күләш атты қыздары бар, әрқайсысы бір-бір шаңырақ иелері.

Рәштің бет әлпеті, адамгершілік қасиеттері іскерлігі, білімділігі, кісімен қарым-қатынасы, ер мінезділігі, әр қилы өнерлілігі әкесіне тартқан еді. Рәш жоғары білімді, орысша-қазақша тіл білімінің маманы болды.

Орыс орта мектебінде көп жылдар директорлық қызмет атқарды. «Оқу-ағарту ісінің озаты» атағы бар, Еңбек қызыл-ту орденімен марапатталған, озық педагог.

Қобылан Хамзаұлы туралы «Ақиқат» атты кітапта бүкіл өмірі тегіс баяндалған. ССРО ішкі істер мекемелеріне еңбегі сіңген қызметкер атағы бар, милиция полковнигі, бірнеше медальдармен, Қызыл жұлдыз орденімен марапатталған, бірнеше кітаптардың авторы.

## 4. ҚОЗЫБАҚ

Қозыбақтан Тілеулі, Сүгірәлі, Алтыбай,  
Жетібай, Бекқұлы.

1. Тілеулі Қозыбақ ұрпағының ең үлкен үйі  
дейді. Қара шаңырақ. Тілеуліден Жаманбай  
одан Қазидан /90 жаста/. Қазидан Қатыран, одан  
Арман.

2. Сүгірәліден Жарқынбай, Құсайын, Зейтін,  
Бекі, Оразалы, Үсейін.

Жарқынбайдан Дүйсенбек, Ссейсенбек,  
Қайнет, Сегізбай.

Дүйсенбек, Сейсенбек, Сегізбай үшеуінен үл  
болмаған. Қайнеттен Ермек, одан Қанат,  
Жанат.

Құсайыннан Балтабай, Балғабай, Ғаббас,  
Сәбит, Сағит.

Балтабайдан Омсар одан Нұрахмет  
/Ойынжан/, Иманжан, Қарап. Иманжан мен  
Қараптан ұрпақ жоқ.

Ойынжаннан жеті үл бар.

Құрмаш, Нұраш, Қуаныш, Тотым, Қанат,  
Еділбай, Жұмаш. Жұмаштан Серік. Еділбайдан  
Уәлихан.

Балғабайдан Жаңбырбай

Ғаббастан Қайранас, Таңатар, Ибрагим,  
Жұман, Мұса.

Қайранастан үл жоқ

Таңатардан Қанат, Жанат, Азат.

Қанаттан Сұлтан. Ибрагимнен Жанболат,  
Нүрдәулет.

Жұманнан Орал, Марал, Қуаныш.  
Сәбиттен Айтмағамбет, Жанахмет  
Сағиттан Сағат. Сағаттан Еркін, Ерген,  
Ергеннен Азат.  
Зейтіннен Төлеген, одан Болат, Орынбай, Қуат.  
Қуаттан Думан, Ұлан.  
Бекіден Махамбет, Асылбек. Махамбеттен  
Нұрғали, одан Қапар. Қапардан Дулат, Серік.  
Дулаттан Асан, Берік. Серіктен Азат.  
Асылбектен Әубәкір, Қоспан. Әубәкірден Әбу.  
Қоспаннан ұл бала жоқ.  
Оразалыдан Жұмағазы. Жүкен. Екеуінен де ұл  
жоқ.  
Үсейіннен Мағауия, Нұрғиза. Мағауиядан  
Қоңырат.  
Нұрғизадан Найман.

3. Алтыбайдан Егізбай, Еленбай. Төке, Есней.  
Егізбайдан Базарбай, Кенжеболат /Сары-  
молда/, Ешмұханбет, Рахымжан /Тай/.  
Базарбайдан Баймұхамбет /Бәйміш/ және  
Ақмағамбет /Ақжан/. Баймұхамбеттен Совет,  
Ермағамбет, Бсқмағамбет, Ешмұханбет,  
Нұрмұханбет.  
Ермағанбеттен Әлімбек, Жәнібек, Ерлан.  
Ешмұханбеттен Айбек.  
Нұрмұханбеттен Бахыт.  
Ақмағанбеттен Қазбек, Назбек. Қазбектен  
Әділбек.  
Кенжеболат, Ешмұханбеттерден ұрпақ жоқ.  
Рахымжаннан /Тай/ Қалиаскер, Асқарбек,  
Әшкен, Сұлтанбек. Қалиаскерден Қанат, одан  
Азат.

Асқарбектен Серік, Фазез. Серіктен Игілік.  
Фазезден Мұрат, Саят. Әшкеннен Думан,  
Орман, Жұмабай, Еркебұлан, Ербұлан, Есім.  
Думаннан Алмаз, Тоқтар. Жұмабайдан Ғабит,  
Дәмир.

Есімнен Ернар.

Сұлтанбектен Нағашыбай, Ардагер.

Еленбайдан /қажы/ Мырзахмет, Жолмұханбет.

Жолмұханбеттен ұл жоқ. Мырзахметтен

Өндіріс.

Өндірістен Сағынбай, Ертарғын, Қыдыр.

Сағынбайдан Мейрам, Данияр. Ертарғыннан

Айдар.

Қыдырдан Фархад, Асхад.

4. Жетібайдан Нұрманбет, Нұралы, Көшубай,  
Наурыз, Телімтай.

Нұрманбеттен Ақмадия, Кәкімжан, Рахымжан.

Ақмадиядан Ғалымжан, Әлімжан.

Ғалымжаннан Руслан.

Кәкімжаннан Нұрлан, одан Орал, Жансерік.

Рахымжаннан ұрпақ жоқ.

Нұралыдан Мәжид, Рәшид.

Мәжиттен Амангелді, одан Серік, Берік, Алик.

Рашидтен ұрпақ жоқ.

Телімтайдан Махмет, Елеусіз.

Махметтен Талғат, Болат, Қайрат.

Елеусізден Хамид, Уахид.

Наурыздан Досмұқан, одан Қабдәс, Айтжан.

Қабдәстен ұл бала жоқ.

Айтжаннан Сембі, Сәкен, Марат. Сембіден

Нұрлан.

Көшубайдан Амандық. Амандықтан Сүлеймен,

Қанғожа. Сүлейменнен Нұғыман, Кәли,  
Кәмен.

Нұғыманнан Қанапия, Сейсенбек.

Қанапиядан Айдар, Бекайдар. Олардан үл бала  
жоқ.

Сейсенбектен Амангелді. Амангелдіден  
Қазыбек, Нұрлыбек. Қазыбектен Аян, Бахтияр.  
Нұрлыбектен Данияр. Кәлиден Сейпи,  
Қален. Олардың үл балалары жоқ. Кәменнен  
Айдар.

Қанғожадан Қасым, Нұрмұқан /Дорба/  
Қасымнан Бәттәй, одан Баяхмет, Шаяхмет  
Нұрмұқаннан /Дорба/ үл бала жоқ.

5. Бекқұлыдан Шынтемір, Битемір, Ырысбай,  
Байғұтты.

Шынтемірден Тоқпет қажы, одан Қапез,  
Қабдырахим. Қапезден үл жоқ.

Қабдрахимнен Абай, Ақжол. Ақжолдан  
Нағашыбай, Әділет Қаныбек, Қонақбай, Сәбит.

Битемірден Абан, одан Қажохмет, Айтуар.

Қажохметтен үл жоқ. Айтуардан

Ешмәт, одан Ержігіт, Ерболат, Тасқын.

Ерболаттан Азамат.

Ырысбайдан Әйіп, Зікірия, Мәш, Сыздық.

Әйіптен Қайыржан, Рүстем, Қазжан, Дулат.

Қайыржаннан Жеңіс, Талғат, олардың ұрпағы  
белгісіз.

Рүстемнен Нұрлан. Дулаттан Мұрат, Медет,  
Жомарт.

Қазжанның ұрпағы белгісіз.

Зікіриядан Ойрат, Марат. Ойраттан Қайрат,

Мұрат.

Мұраттан Қатыран.

Мәштен Мәди, одан Едірес. Едірестен Қорған.  
Қорғаннан Жеңіс, Мейрам. Жеңістен Едірес  
/атасының аты Қойылған/.

Сыздықтан Қажығали, одан үл жоқ.

Байғұттыдан Қожамбай, одан Дәулет.

Дәулеттен Жақия, Мұқыш.

Жақиядан Ғазез, одан Наурыз, Айдын, Аяш.

Наурыздан Фархад. Айдыннан Рауан. Аяштан

Саят

Мұқыштан Сәлім, Қабиден, Серікбай.

Соңғы екеуінен ұрпақ жоқ.

Сәлімнен сегіз бала: Жұман, Сембі,

Құрмаш, Сәрсенбі, Дүйсенбі, Ермек, Асқар,

Кенже.

Жұманнан Бауыржан. Сембіден Сабыржан.

Құрмаштан Медет, Нұрсұлтан. Сәрсенбіден

Данияр. Кенжеден Темірлан.

Бекқұлы әулеті Қасеннен Рахымжан /соқыр

қари аты төңірекке аян/, одан Шортанбай.

Шортанбайдың ұрпақтары белгісіз болды.





# АТАҚТЫЛАР

/Қозыбақ әулетінің атақты азаматтары туралы деректер/

1. Бәйміш Базарбайұлы аудандар көлемінде үлкен қызметтердің басында болды.

Үш ауданда аудандық атқару комитеттері төрағаларының орынбасары болып қызмет атқарды. Сөзге шешен, ақ жарқын, ойнақы сөзді, отырған ортасын әңгімеге тойдырып отыратын ардақтылардың бірі еді.

2. Ақжжан Базарбайұлы, жоғары білімді ауыл шаруашылық маманы. Кеңшар басшысы, аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы, аудандық атқару комитетінің төрағасы, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, облыстық бір басқарманың бастығы болып үлкен қызметтер атқарды.

3. Телімтаев Махмет Көкшетау облыстық банкінің бастығы қызметін атқарды. Бұл ағамыздың балалары да ірі-ірі қызметте, Алматы қаласында тұрады.

4. Кәли бабамыздың Сейпи, Қален деген балалары болғаны айтылды. Сейпи ұжымшар /колхоз/ басқармасы қызметін атқарып жүрген кезінде молданың баласы деген көрсетіндімен 1937 жылдардағы қырғынға легіп кеткен. Қален

Көкшетау жағында үлкен партия қызметін атқарған кісі.

5. Рысбаев Зікірия кеңес үкіметі орнаған кезде Көкшетау облысында ірі партия қызметтерінде болған атамыз.

6. Рысбаев Қайыржан ұжымшар, кеңшар бастығы болды, Көкшетау төңірегінде аудандық ірі қызметтер атқарды.

Қайыржанның баласы Жеңіс Алматыда Мемлекеттік барлау басқармасының бастығы болып, генерал атағына ие болған туысымыз.

7. Ғалымжан Ахмадияұлы ұзақ жылдар Қарағанды қаласында МВД ГАИ мекемелерінде басшы қызметтер атқарып, зейнеткерлік демалысқа шықты.

Інісі Әлімжан облыстық ішкі істер басқармаларының бастығы болды, Республикалық МВД мекемесінде Министрдің орынбасары, соңғы кезде жоғары МВД мектебінде кафедра басқарды, милиция генералы атағына ие болды.

8. Сұлтанбек Таев, Сағынбай Өндірісұлы Көктерек ауылының шаруашылығын шайқалтпай нық ұстаған, елдің, бөлімшенің басшысы болған азаматтар.

9. Думан Әшкенұлы облыстық УВД мекемесінде бөлім бастығы қызметін атқарып жүрген азамат, подполковник.

10. Сейсенбек Нұғыманұлы көп жылдар ауылымызда, көрші ауылдарда ұжымшарлардың бастығы болып, көрнекті еңбек атқарған атамыз. Кеңес одағының Ленин орденінен бастап кейінгі барлық ордендерімен марапатталған кісі.

Сейсенбектің баласы Амангелді есеп-шот жұмысының майталманы. Талай ірі мекемелерде бас бухгалтер болып қызмет атқарып зейнеткерлік демалысқа шықты.

11. Орта мектеп директорлары:

Ғазез Жақияұлы

Ойрат Зікірияұлы Рысбаев

12. Едірес Мәдиұлы елдің қадірлі, аяулы азаматы. Кезінде ұжымшарды басқарған, Отан соғысында қазаға ұшырады.

13. Қажылық сапарын атқарған кісілер:

Тоқпет қажы

Еленбай қажы

14. Молдалар:

Сары молда-Кенжеболат

Кәли молда

Ғаббас молда

Рахымжан молда-Қари, (Соқыр Қари атағымен белгілі).

## 5. ЖАНАТ

Жанаттың баласы Бораншы.

Бораншыдан Байсымақ, Пұсырман, Қойбағар,  
Таңқай, Тиыштыбай, Сексенбай, Мұсабай.

1. Байсымақтан Бөйдеу, Бидеу, Шидеу, Талап,  
Кенжебай, Дауылбай, Өтеген –7 бала.

Бөйдеуден Бөрібай, Қарасакбай, Меңдібай.

Бөрібайдан Мұқағали, Мырзағали, Нұрғали.

Мұқағалидан ұрпақ жоқ. Мырзағалидан

Балтабек, Қами.

Нұрғалидан Серғазы.

Балтабектен Қазанбай одан Бейбіт, Берік, Серік  
Жомарт.

Қарсақбайдан Құсайын, Қажымұрат.

Құсайыннан Ғалиаскер, Қалел, Қайсар,

Аманжол.

Ғалиаскерден Ғалым, Ғайса, Қайрат, Амандық,  
Амангелді.

Ғалымнан ұл жоқ. Ғайсадан Дамир. Қайраттан  
Тимур, Шыңғыс.

Амандықтан Рахат. Амангелдіден Асхад.

Қалелден Елтай, Амантай, Еркін, Алтай.

Аманжолда ұл жоқ. Қайсардан Қайдар, Кемал.

Қажымұраттан ұрпақ жоқ.

Меңдібайдан Мырзатай, Мырзан, Жәнен.

Мырзаннан Балахмет, Асқар. Мырзатайдан ұл  
жоқ.

Жәненнен Талапкер, Аманжол, Мәлік, Сәлік.

Мәліктен Рүстем. Талапкерден Марс, Серік.

Байсымақтың балалары, Талаптың Кенже-

байдың, Дауылбайдың, Өтегеннің ұрпақтары белгісіз.

2. Пұсырманнан Нашар, Нашардан Сапар. Сапардан Әбен, Мұқыш, Зейнолла, Тәшен. Әбеннен Ескендір, Есләмбек. Ескендірден Асылбек, Ақылбек, Асхад. Асылбектен Айдар, Азамат, Дәулет. Ақылбектен Жасұлан. Асхадтан Нұржігіт. Есләмбектен Аманжол, одан Қанат, Нұрлан. Мұқыштан Құрмаш, Қамарбек. Қамарбектен ұрпақ жоқ. Құрмаштан Серік, Нұрмұхамбет, Жанмұхамбет. Бұлардан ұрпақ жоқ. Зейнолла, Тәшендерден ұрпақ жоқ.

3. Мұсабайдан Омар, Ораз, Нұрсейіт. Нұрсейіттен Тетай, Жетпіс. Тетайдан Тұяқ. Жетпістен ұрпақ жоқ. Омардан Садуақас, Шөкен, Ахмет. Шөкеннен Рүстем, Қайролла. Рүстемнен Ермек. Қайролладан Ақан, одан Жанар. Ораздан Нақан. Ахметтен, Нақаннан ұл жоқ. Садуақастан Бименде, Ғалым. Бимендеден Дәстен, Кәкім, Белден, Еркіндік. Дәстеннен Әлен, Нұржан. Кәкімнен Нұрлан, Болат. Нұржаннан Исмаил, Сұлтан-али. Нұрланнан Арман, Тимур. Белденнен Руслан. Садуақастан Ғалым. Ғалымнан Қабидолла /Қабыш/, Мерген. Қабидолладан Ерген. Ергеннен Ержан, Қорған, Бауыржан, Елжас, Данияр.

Мергеннен Ғабит, одан Елдар; Нияз одан Тимур, Саян, Саят, Нұрболат. Саяннан Әділхан.

4. Бораншыдан Қойбағар. Қойбағардан Бесбай, Дәндібай, Алтынбай. Бесбайдан Шәріп, Жарылғап, Қонақ. Шәріптен Тұрғанбай. Жарылғаптан Нұркеш. Қонақтан ұрпақ жоқ. Дәндібайдан Кәрім, Шахмет. Шахметтен Болат. Кәрімнен Ғазез, Есләм. /Кейінгі балалары белгісіз/. Алтынбайдан Жараспай, Жайсаңбай, Бекен, Аманжол. /Бұлардың балалары белгісіз/.

5. Тиыштыбайдан Тілеміс, Сұлтан. Тілемістен Әкімбай. Әкімбайдан Шәкір, Қасен. Шәкірден Нұрбай, Қазез, Қапез. Нұрбайдан Есілбай, Еділбай, Кенжеболат, Ерболат, Жанболат. Еділбайдан Дәмир. Кенжеболаттан Жанат. Жанболаттан Жәнібек. Ерболаттан Данияр. Қазез, Қапездерден ұрпақ жоқ. Қасеннен Қасым. Қасымнан Аманжол, Қуаныш, Сансызбай. /Кейінгі балалары белгісіз/. Сұлтаннан Қабен, Әлібек. Әлібектен Қуанышбай, Бейсембай. /Бұлардың ұрпақтары белгісіз/.

6. Таңқайдан Батыр, Рахым. Батырдан Жақия, Қатия. Рахымнан Қасым, одан ұрпақ жоқ. Жақиядан Төлеген, одан ұрпақ жоқ.

Қатиядан Әйкен, Қайырбек. Қайырбектен  
ұрпақ жоқ.

Әйкеннен Амангелді, Әділбек, Жәнібек, Әлібай.  
Амангелдіден Санжар, Серік.

Әділбектен Азамат, Руслан. Жәнібектен Руслан.  
Әлібайдан Самат.

7. Сексенбайдан Елубай, Алпысбай.

Елубайдан Әшім, Әлібек, Аманжол.

Әшімнен Болат, Бекет, Қалқаман. /Балалары  
белгісіз/.

Алпысбайдан ұрпақ жоқ.

Байсымақ баласы Бидеуден Жанжетпес, одан  
Қоспан. Қоспаннан Ағыбай /одан кейінгі  
ұрпағы белгісіз/.

Байсымақ баласы Шидеуден Қоқай, Мұқажан.

Қоқайдан Көкен. Мұқажаннан Сартай.

/олардың ұрпақтары белгісіз/.



# АТАҚТЫЛАР

/Жанат әулетінің атақты ұлдары  
туралы деректер/

1. Құсайын Қарсақбайұлы ауылдық ұжым-шардың белді жұмыскері болып, ел шаруашылығының нығаюына үлесін қосып өткен үлкен аталарымыздың бірі. Бойшаң, шымыр денелі, жауырындары қақпақтай, қара өңді, бет әлпетіне айбат беріп тұратын қою сақал-мұрттары бар, батыр тұлғалы кісі еді.

Құсайын атамыздың орасан күш-қуаты болатын. Құрылыс жұмыстарында жүргенде күшак жететін жуан бөренелерді көтеріп иығына салып кете беретінін бала кезімізде талай көретін едік.

Аз сөйлесе де сөздің нәрін айтып, бабын таба сөйлейтін шешендігі болған.

Қүсекеңнің Қайсар атты баласы Алматы қаласында жоғары оқу орынында оқытушы, оқымысты-ғылым докторы.

2. Шахмет Дәндібайұлы бойшаң, батыр тұлғалы, аса әлді кісі болды. Әрбір жұдырығы баланың басындай, саусақтары бартиған салалы болатын. Қазақта соғым етіне шақырысып бір-бірімен дәмдес болып жүретін кезінде жілік сындыру деген дәстүр бар. Сондай жағдайда Шахмет атамыздан сынбаған жілік қалмайтын. Әдетте жілікті ұратын қолға орамал орап алатын болса, Шахаң жалаңаш қолмен жілікті бір-екі дағдап дайындалып алып, қолын котере сілтеп шақ еткізіп бірақ періп істі бітіретін.



Шахаң қазақша күрестің балуаны болды. Ауыр салмақтылармен күресте республика, облыстар көлемінде талай жеңіске жетіп ірі-ірі жүлделерге ие болған балуан. Жергілікті ұжымшарларда басқарма болды, ауылдық кеңестердің төрағасы болып қызмет атқарды.

3. Ауылдың атақты ұлдарының бірегейі Ғалым Садуақасұлы еді. Өткен Отан қорғау соғысында оққа ұшты. Соғысқа дейін ұжымшар басқарды, ауылдық кеңестің төрағасы болды. Елдің елеулісі, халықтың қалаулысы болып өткен кісі. Төңіректегі елдердің хадірмені сыйлысы, елдің тірегінің бірі болған аяулы азаматы еді.

4. Алтынбай Құдайбергенұлы ерте кезде ұжымшар басшыларының бірі болған, сауатты, ақылды, ақындық өнері бар, елдің атақты ұлдарының бірегейі.

1932 аштық жылдары ұжымшардың қорында бар астықтан ашыққан шаруаға жанашырлық жасап, көмек ретінде берген тары дәні үшін, тұқымдық бидайдың көзін жойып жатыр деген жалған жала жабылып, сотталатынын сезгеннен кейін, Алтекең елден сытылып шығып кетіп, бас бостандығын сақтап қалған. Сол кеткеннен Ресей жағында болып, елге оралмады. Алтекеңе жығылған үстіне жұдырық дегендей осы жылдары тағы бір ауыр қасырет қат-қабат келеді. Жарасбай деген он үштер шамасындағы азамат болып қалған ұлы адасып кетіп, қазаға ұшыраған.

Бұл хабар, өзі сотталып кету қаупінен тасаланып жүрген Алтекеңе кеш жеткен. Осы

кездегі Алтекеңнің қапалы жүрегiнiң күнiренген зарындай төмендегi өлең шумақтары туған екен. Бұл жоқтау халықтың ауызында зарлы үн болып таралып, сол кездегi әрбiр шаңырақтың өз тақсыретiндей көзден аққан жаспен бiрге төгiлiп айтылып жүретiн өлеңi болған. Осы зарлы жоқтау жан дүниендi тебiрентер Алтекеңнiң өзi шығарған әнiмен бертiнге дейiн айтылып келгенiн бiлемiз. Өлеңдi толық бiлетiн кiсiлер көзiр жоқ, сондықтан өз жадымда қалған сөздерiн толық болмаса да жариялағанды жөн көрдiм.

Қарағым қалқам Жараспай,  
Келсең еттi адаспай.  
Арманда кеткен құлыным,  
Жұрт жиналып қараспай.

Сартайға қалқам ерiптi,  
Бүгiн қайдан желiктi.  
Адастырып баланы,  
Өтiрiк айтып келiптi.

.....  
.....

Бұғып жүрмiн қояндай,  
Көзiм жасқа боялды-ай.  
Менде ұйқы-күлкi жоқ,  
Жұрт жатқанда оянбай.

Кәли, Кәсен, Қажекен,  
Бұрынғының арты екен.  
Аяушылық етедi,  
Өмiрсейiт, Балтекен.

Халыққа беріп астықты,  
Өзіме қылдым қастықты.  
Нашарға берген тары үшін,  
Жауапқа тартты бастықты.

Жалпы, Алтынбай атамыз ақын жанды болған адам. Талай шығармалары болған деген сөздерді естідік, бірақ қолымызда басқа ешқандай дүниеліктері жоқ болғаны өкінішті-ақ.

5. Бораншы әулетінде Батырдың баласы Таңқай атамыз өте шешен кісі болған. Аузынан шыққан сөздері сенімді, орнықты, миға қонымды, ерекше адамгершілік істерімен халыққа сыйлы болғандықтан билік сөзталастарға көп қатынасқан, Таңқай-шешен атанған атақты кісі.

Осы атақты атамыздың шобересі Әділбек Әйкенұлы тұқымға тартып туған пысық, білімді, іскер, орынды, орнықты сөзі бар, елге, туыс-жолдастарына сыйлы, еліміздің аяулы, ақылды азаматтарының бірі.

Қандай қызмет атқарса да, ісі алдынан үркіп, дұрыс шешімін тауып, нәтижелі атқарып жүрген көрнекті қызметкер.

Кенес үкіметі заманында да, одан кейінгі соңғы он жылдық жаңа дәуірде де өмірдің тамыр соғуын оймен сезіп, дер кезінде ағым жүйесіне қосылып табысты еңбек етіп келеді. Ауыл-ағайындардың қамқоршысы, жанашыры ретінде қолынан келген жақсылықтарын атқарып жүрген ел азаматы.

6. Садуақас атамыздың немерелері Бименде балалары Дәстен, Көкім еліміздің ауызға іліккен

атақты ұлдары болды. Дәстен ауыл шаруашылық істеріне еңбегі сіңген, көп жылдар кеңшар директорының орынбасары болып қызмет атқарған белгілі азамат. Кәкім жоғары білімді педагог, мектептің директоры болып қызмет атқарды, өмірі қысқа болды.

Дәстен мен Кәкімнің балалары Әлен, Нұрлан, Нұржандар ішкі істер мекемелерінің, прокуратура органдарының белді, беделді қызметкерлері.

7. Осы дүниелікті жасап шығару үстінде ақыл кеңесін тыңдаған ақсақалымыз Шәкірұлы Нұрбайдың баласы Еділбай Қазақстанның ІІМ-де бір Департаменттің бастығы, полковник, ғылым кандидаты. Басқа балалары да республика көлемінде ірі қызметтерде істеп жүр.



# ҰМЫТЫЛМАС ТҰЛҒАЛАР

Советтер Одағы деп аталатын дүниежүзіндегі ең күшті, ең үлкен көлемді мемлекет біздің отанымыз болғаны ақиқат. Одақта он бес республика болды. Солардың бірі - Қазақстан Республикасы еді.

1941 жылдың июнь /маусым/ айында Герман мемлекеті басқыншылық ниетпен біздің Отанымызға соғыс ашты. Сөйтіп отанды қорғау соғысы басталып кетті. Отанды неміс басқыншылығынан қорғау соғысына біздің Көктерек ауылынан әскерге алынбаған ер азаматтан ешкім қалмады деуге болады.

Солардың ішінен 67 ағаларымыз, аталарымыз, арыстарымыз, қырғын соғыс шебінде қазаға ұшырады, елден топырақ бұйырмады.

Ауылымыз Көктеректің ортасында орнатылған ескеркіште осы 67 арыстарымыздың, атақты ұландарымыздың аттары ойылып жазылған тақта бар.

Соңғы ұрпақ, отанын жаудан қорғау үшін болған ұрыста жанын пидә еткен аталарымызды, ағаларымызды ұмытпай осы ескерткіштегі аттарын оқып, бастарын иіп, аруақтарына дұғаларын арнап, беттерін сыйпап жүреді.

Енді осы арыстарымыздың аттарын атайын:

1. Абанов Қажақымет - Қозыбақ тұқымынан, Ешмәттің ағасы, атақты жылқышы Айтуар атамыздың немере інісі. Ұрпақ қалған жоқ.

2. Әбілғазин Байғонақ-Тышқан әулетінен, Шұғайыптың ағасы, Зукеннің әкесі.

3. Ақанбаев Әшім- Тышқан әулетінен.

4. Ақанбаев Қасым-Тышқан әулетінен, ұрпақтары бар, елден сырт жерлерде тұрады, Кәкім молданың інілері.

5. Балтабаев Қабай - Жаманғұл әулетінен, елге аты белгілі Аманбай /Зияның әкесі/ атамыздың інісі.

6. Бабаев Қойбағар - Көшей әулетінен.

7. Бабаев Қаратай - Көшей әулетінен, екеуінен де ұрпақ қалмады.

8. Беспәев Қонақ - Жанат әулетінен, ұрпақ қалмады, Мұқыш, Шәкірлерге туыс.

9. Бейсенбаев Нүрпейіс - ұрпақ қалмады.

10. Бексұлтанов Қапез - Тышқан әулетінен, Құлибектің інісі, ұрпақ қалған жоқ.

11. Ғаббасов Қайранас - Қозыбақ әулетінен, Ғаббас молданың баласы, ұрпақ қалмады.

12. Дайыров Сейтен - Жаманғұл әулетінен, Санақтың әкесі.

13. Дайыров Сейтқазы - Жаманғұл әулетінен, ұрпақ қалмады.

14. Досмұқанов Қабдес - Қозыбақ әулетінен, Айтжан ағамыздың ағасы, ұрпақтан қыздары бар, сырт жерлерде тұрады.

15. Дүйсенәлин Сәдуақас - Тышқан әулетінен, менің нағашым, ұрпақ қалмады.

16. Ережепов Ғайса - Батырбек әулетінен, менің немере ағам, Күләш, Рәш, Рақилалардың әкесі. Төңірекке аты әйгілі, елдің басшысы, ардақтысы болған кісі.

17. Есмағанбетов Оразбай - Тышқан әулетінен, бір қызы болған, қайтыс болды, басқа ұрпақ жоқ.

18. Елембаев Қажымұқан - Қозыбақ әулетінен, ұрпақ жоқ.

19. Есқақов Қазықан - Тышқан әулетінен, ұрпақ жоқ.

20. Жақин Теңбай - Нұқан-қожаға жиен, Сағила әжеміздің баласы.

21. Жаңбыршин Ибрагим - Тышқан әулетінен, ұрпақ қалған жоқ.

22. Жанбатыров Алпысбай - Жанат әулетінен, ұрпақ қалған жоқ.

23. Италмасов Әлібай - Тышқан әулетінен, ұрпақ қалған жоқ.

24. Италмасов Баяхмет - Тышқан әулетінен, Қамиттің әкесі.

25. Ысқақов Қабиден - Батырбек әулетінен, Қамарбектің әкесі.

26. Нұрқанов Абылай - ұрпақ қалмады.

27. Нұрқанов Молдақымет - ұрпақ қалмады

28. Оспанов Қожан - Тышқан әулетінен, ұрпақ қалмады.

29. Оразалин Жүкен - Қозыбақ әулетінен, ұрпақ жоқ.

30. Көшеғалин Қами - Тышқан әулетінен, ұрпақ қалмады

31. Көкенов Қамет - Қозыбақ әулетінен, ұрпақ қалмады

32. Көлбақин Мәкен - Жаманғұл әулетінен, Құсжанның әкесі, Құсжан көп жылдар бойы Қарғандыда шахтада жұмыс істеп, зейнеткер болды, бала-шағаларымен сол жерде тұрып жатыр.

33. Кәсенов Қаби - Жамангүл әулетінен, Ескеннің әкесі. Ескен көп жылдар бойы мұғалімдік қызмет атқарды, мектеп директоры болды. Ержан, Ерден, Нұржан, Руслан атты балалары бар, әр түрлі ірі қызметте, Қызылжар қаласында тұрады.

34. Оқаев Көкен - Жанат әулетінен, ұрпақ қалмады.

35. Құдайбергенов Жалмұханбет /Жалақай деп аталатын/ Өмірсейіт атамыздың інісі, Батырбек әулетінен, ұрпақ жоқ.

36. Құрманғалиев Қабиден - Жамангүл әулетінен, Ғаппастың ағасы, ұрпақ жоқ.

37. Қоқанов Қамет - Жанат әулетінен, ұрпақ қалмады.

38. Қарсақбаев Қажымұрат - Жанат әулетінен, ұрпақ қалмады.

39. Қоскөлов Серікбай - Қозыбақ әулетінен, ұрпақ жоқ, Қабиден марқұмның ағасы.

40. Қабылов Рашид - Жанат әулетінен, ұрпақ жоқ.

41. Қасымов Жанақымет - Қозыбақ әулетінен, ұрпақ қалмады. Бәттайдың ағасы.

42. Мәдісв Едірес - Қозыбақ әулетінен, Қорганның әкесі.

43. Махметов Қабдрашит - Батырбек әулетінен, қыз баласы Мәриәш тұрмыста, ұл баладан ұрпақ жоқ.

44. Молдашев Зұлқарнай - Жамангүл әулетінен, ұрпақ қалмады.

45. Мұқышев Қамарбек - Жанат әулетінен, ұрпақ қалмады.



46. Мұқышев Сапарбек - Жанат әулетінен, ұрпақ қалмады.

47. Нұралин Рәшид - Қозыбақ әулетінен, ұрпақ қалмады, Ақмадиатамыздың інісі.

48. Нұрманбетов Рақымжан - Қозыбақ әулетінен, Кәкімжан марқұмның ағасы, ұрпақ қалмады.

49. Нұрғалиев Серғазы - Жанат әулетінен, Жәнен марқұмның інісі, ұрпақ қалмады.

50. Рамазанов Бабағұмар /Бабай/ - Батырбек әулетінен, ұрпақ қалмады, Сыздық ағамыздың інісі.

51. Рамазанов Бекен - Жаманғұл әулетінен, ұрпақ қалмады.

52. Рамазанов Әубәкір - Жаманғұл әулетінен, аудандық комсомол комитетінде, әскери комиссариатта қызмет атқарған, келешегі мол ағамыз болатын, ұрпақ қалмады.

53. Сапаров Қамарбек - Жанат әулетінен, ұрпақ қалмады.

54. Сәдуақасов Ғалым - Жанат әулетінен, Қабыш, Мергендердің әкесі, Ленин ауылдық кеңесінің төрағасы қызметінен соғысқа кеткен еді.

55. Серғалиев Ғазез - Жаманғұл әулетінен, Фазылдың ағасы, ұрпақ қалмады.

56. Смағұлов Молдағұмар - Батырбек әулетінен, Қайдардың әкесі

57. Сыздықов Молдағали - Тышқан әулетінен, ұрпақ қалмады.

58. Сыздықов Қажығали - Жаманғұл әулетінен, ұрпақ жоқ, Әнші домбырашы кісі еді.

59. Тоқсанов Отызбай - Тышқан әулетінен, Серік марқұмның әкесі, менің нағашым. Әнші, домбырашы, шебер кісі болды. Алдында атаған

Қажығали екеуі елдегі той-думанның сәнін келтіріп жүруші еді.

60. Тілепбаев Жәкебай - Батырбек әулетінен, Тілепбай Сақтаған баласы, Тілепбайдан Жәкебай. Файсаның немере інісі, менің немере ағам, ұрпақ қалған жоқ.

61. Төлемісов Нұрғазы - Жаманғұл әулетінен, әскерде алған офицер шені бар, командир болды, ұрпақ қалған жоқ.

62. Телімтаев Жалмұқан - Қозыбақ әулетінен, ұрпақ қалмады, інісі Мақымет үлкен қызметтер атқарған кісі.

63. Уәлиев Шалбай - Жаманғұл әулетінен, Жарқын марқұмның әкесі, әскерде офицер шенінде командир болған.

64. Хамзин Сәтібек - Батырбек әулетінен, менің туған ағам, ұрпақ қалмады. Міндетті әскери борышын елдің батыс жақ шекарасында атқарып жүргенде соғыс басталып, майданға танкист болып кірген еді, хабарсыз кетті.

65. Шекенов Қайыр - Тышқан әулетінен, Қоныстың ағасы, ұрпақ қалмады.

66. Шәріпов Қабдунас - Тышқан әулетінен, Есім деген баласы бар.

67. Шайхин Бекі-Батырбек әулетінен, ұрпақ қалмады.

Аяулы ағаларымыз, аталарымыз, бауырларымыз, бәріңіздің аттарыңызды ерекше мақтанышпен атап, аруақтарыңа бас иеміз.

Сіздер отанымызды елімізді қорғау, жер азаттығын сақтап қалу жолында жанын қиған шәйіттерсіздер.

Сіздер азаматтық парыздарыңызды адал атқарып, өмірлеріңіздің соңғы минутында жарық дүниеге қош айтқанға дейін, елім, жерім деп өткен абзал азаматтарсыздар.

Сондықтан, әділет заңы бойынша, имандылық жолымен, сіздердің орындарыңыз жұмақтың төрінде деп сенеміз.

Имандарың жолдас болсын, жатқан жерлеріңіз жайлы болсын, қыршын боздақтар!

**Автор.**



# СӘТІ МӘЖЛІС

Қызылжар қаласында біздің ауылдың көптеген ұл-қыздары тұратынын көріп, естіп біліп жүретінмін.

Сәті келіп кездескенде бірінен-бірін сұрап біліп, қай төңіректе тұрып жатқандарын, қандай орында еңбек атқарып жүргендерін көңіліме түйіп қоятынмын. Сонда аңғарғаным, бір төңіректе жақын тұрып жатқан, бір мекемеде қатар қызмет атқарып жүрген іні-қарындастарымыз бір-біріне туыс екенін біле бермейтіндері бар екен. Оның себебі, кәзіргі жастар бір-бірімен танысқанда сен қай ауылдансың, қай тұқымсың, әкең кім, шешең кім деп сұрамайды ғой. Ондай дәстүр жастардың арасында жоқ. Аты мен фамилиясын, қандай қызмет атқарып жүргенін білсе болғаны, одан арман қарай танысып білісу шарт емес болып кетпеді ме.

Өмірден өткен ата-бабаларымыз, бір кісімен кездескенде аты-жөнін, туған жерін, қай ұрпақтан скенін біліп, қанға сіңген әдетпен, жүрегі бұрып тұратын бір бауырмалдығын, туысқандығын тауып білетін еді. Қандай тамаша дәстүр болған. Сол дәстүрді жоғалтқаннан бері, талай туыс-туғандарымызды да жоғалтқанмыз ақиқат.

Түрлі себептермен ертеректе үлкендеріміз елден сырт жерлерге кетіп, бергі ұрпақтары ата-бабаларының туған жерін, тұқым жұрағаттарын білмей кеткендері аз емес.

Көп көріп, көңілге түйгені бар ойға не оралмайды. Сол елден алыстап кеткен тұқым-жұрағаттар ата-бабаларының туған топырағын іздеп

келіп, кейінгі ұрпақтармен табысып, білісетін мүмкіндікті неге пайдаланбайды екен. Оған кәзіргі заманда ешқандай кедергі жоқ қой. Осындай ойлардан кейін, өзім басшы болып, ұйымдастырып, қалада тұрып жатқан ересек, ақыл-ойлы іні-қарындастардың бастарын қосып, ой бөлісіп, әңгімелесіп, алдымен осы қала ішіндегі туыстарымыздың тізімін жасап, мекен-жайын, қызмет орындарын біліп алып, сәті келген бір күнге, бір кең жайлы орынға бәріміз тегіс жиналып, бір-біріміздің бет-әлпетімізді көріп, жақын танысып, біліссек екен - деген шешімге келдік. Осы үлкен жұмысқа қолма-қол кірісіп ұйымдастырғандар Абылай Зияұлы, Жұман Ғаббасұлы, Серікбай Мансұров, Нұржан Ескенұлы, Мара Бәймішқызы, Дулат Әнесұлы, Қайрат, Кереәш Нұртазиндер болғанын ризашылық көңілмен атаймын.

Осы бастамамыз сәтті болып, ақыры 2002 жылғы ақпан айының 24-і, құрбан айты өтіп жатқан мезгілде, сол үлкен мейрамның үшінші күні, Қызылжар қаласының орталық көшелерінің бірінде орналасқан Сәбит Мұқанов атындағы 32 мектептің үлкен мәжіліс залында бас қосу жиналысымыз атқарылды.

Жүз жиырмадан астам отыратын орындықтары бар үлкен зал, біздің елдің қала ішінде тұратын ұл-қыздарына олардың ұрпақтарына лық толды. Мектепке кіре берісте жинала бастағаннан-ақ, бір-бірімізді құшақтасып табысып, сүйісіп, үлкен қуанышқа бөлендік. Ұзаққа созылған әңгімеміз жиналған Залда жалғасты.

Бес ата Көктерек ауылының ұл-қыздарын, әрбір атаның ұрпақтарын жеке-жеке, зал төріндегі

биік сахнаға шығарып таныстырып мәре-сәре болдық.

Мәжіліс қортындысында, кездесіп тұрайық, бір-бірімізді ұмытпайық, туыстығымыздан айрылмайық, бір-бірімізді қолдай, қоштап жүрейік, деген ұйғарымға келдік.

Осы ойларымыз, бастамамыз тоқтап қалмай жалғасты болсын деген ниетпен арамыздан жиналыстарымызды ілері қарай жалғастырушы басқарушы құрама мүшелерін сайладық, естелік фотосуреттерге түстік.

Туған еліміз Көктерек ауылының азаматтары қашанда бір-бірімен тату, ұйымшыл, бауырмал екенін бүкіл халық біледі, сол дәстүріміз жалғас болсын, ілгері баса берсін.

**Автор.**





Қызылжар қаласы, С. Мұқанов орта мектебінің үлкен залындағы  
жиналыстың торалқасы. Солдан оңға қарай: Қобылан, Сақып, Күләш,  
Салтанат, Нәзлай, Қаби, Қабділмәжит - әйелі.



**С. Мұқанов мектебінің үлкен залы. Қызылжар қаласында тұратын Көктерек ауылының ұл-қыздары.**





Қызылжар қаласында тұрып жатқан Көктерек ауылынан  
Тышқан атамыздың ұрпақтары.



**Қызылжар қаласында тұрып жатқан Көктерек ауылынан  
Қозыбақ ағамыздың ұрпақтары.**



Қызылжар қаласында тұрып жатқан Көктерек ауылынан  
Жамангүл атамыздың ұрпақтары.



**Қызылжар қаласында тұрып жатқан Көктерек ауылынан  
Батырбек ағамыздың ұрпақтары.**





Қызылжар қаласында тұрып жатқан Көктерек ауылынан  
Жанат ағамыздың ұрпақтары.



Коктерек ауылының азаматтары: отырғандар - Сақып, Анатолий Федорович, Сайран Қайыржанов, Қорған Едіресұлы, екінші қатарда: солдан оңға карай - Қобылан, Сүлушәш-Собит Естайұлының әйелі, Қайсар Құсайынұлы әйелімен, шеткі Күләш Мағауияқызы.



С. Мұқанов мектебінде өткен жерлестеріміздің кездесу мәжілісінде сайланған басқарушы құрама мүшелері: Жұман, Сәрікбай, Мара, Нұржан, Абылай тағы басқалары.



Көктерек ауылының ұл-қыздары, ауыл мектебі, 1940 жыл.





**Ескі фотосуреттер қорынан.  
Солдан оңға қарай: отырғандар - Сәтбек, Қоблан  
Хамзаұлдары, Анамыз Салиқа Тоқсанқызы, екінші  
қатарда - Қайырбек Қоспанұлы, Бағи.**





Қызылжар қаласы, 1973 жыл. Сақып, Қоблан, балалары Дулат, Болат.



**Көктөрсек ауылының ақсақалдары. Солдан оңға қарай: Қоспан, Омар Нұрпейісұлдары, қастарында Қалдыр Серғалиұлы, отырғандар: Нұрбөпе, Шекер, балалары Қобылан, Күлбөре. 1953 жыл.**



**Көктерек ауылында қыстау ағаштың саясы,  
солдан оңға қарай: Әлімжан Ахмадияұлы,  
Қапез Әлжанұлы, Нұрлан Кәкімжанұлы,  
Мәжит Нұралин, Қобылан, Сақып.**



Коктерек ауылында. Солдан оңга карай: Кобылан Хамзин, Есім Шайкин, Акжан Базарбасар, оң жақтан бірінші Әнуэрбек Көшмагамбетов.

# МАЗМҰНЫ

1. Сөз басы.....	3
2. Атадан қалған жер.....	7
3. Ауылымыздың тарихынан.....	10
4. Орта жүз –Арғын.....	16
5. Атығай.....	17
6. Азат-Тышқан.....	22
7. Атақтылар.....	27
8. Жаманғұл.....	38
9. Атақтылар.....	42
10. Батырбек.....	45
11. Атақтылар.....	49
12. Қозыбақ.....	59
13. Атақтылар.....	64
14. Жанат.....	67
15. Атақтылар.....	71
16. Ұмытылмас тұлғалар.....	76
17. Сәтті мәжіліс.....	83
Фотосуреттер.....	87



**ХАМЗИН Қобылан**  
**"Жеті атамызды білейік"**  
Шежіре. 2002 ж.

Авторы, редакторы Қ. Хамзин.  
Корректоры Дәмет Бектасова.  
Көркемдеуші Сәуле Ахмадиева.

Тіркелген уақыты 2002 жылғы мамыр. Облыстық "Солтүстік Қазақстан" газетінің компьютерлік орталығында терілді. Басуға 10.2002 жылы қол қойылды. Офсеттік басылым. Әріп түрі Times/Kasakh. Пішімі 60x90, көлсімі 1/16. Тапсырыс 2875. Тапсырыс беруші Қ. Хамзин. 350 дана. Бағасы келісімді. "Полиграфия" ААҚ облыстық № 6 баспаханасында басылды. Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Конституция көшесі, 11. 2002 жыл.